



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ


Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№32 (621)
14 тамыз,
2025 жыл



АШУ – ДҮШПАН,
ДӘРІГЕР – ДОС

Қостанай өңірі. Облыстық ауруханада күрделі операциядан кейін науқастарды қабылдауға түскен хирургті кезекте тұрған пациенттің бірі соққыға жыққан. Медициналық мекеме бұл оқиғаны жай оқиға емес, дәрігерлерге қарсы жасалған ауыр қылмыс деп бағалады.

– Біз бұл оқиғаға бей-жай қарай алмаймыз. Бұл – күнделікті адам өмірін сақтап қалуға барын салып жүрген мамандарға қарсы жасалған зорлық. Әрбір дәрігерге жасалған шабуыл – бүкіл денсаулық сақтау жүйесіне жасалған шабуыл. Дәрігерлерде қару жоқ. Олардың жалғыз

«қаруы» – білім, тәжірибе мен жүрек. Олар да үйіне аман-есен оралғысы келеді, – дейді аурухана өкілдері.

Шымкент қаласы. Перинатальды орталықта зейнеткер кезекші акушер-гинекологты балағаттап, ұрып жіберген. Сот материалдарына сәйкес зейнеткердің әрекеті «Ұсақ бұзақылық» бабымен қаралған. Сотта ол кінәсін мойындап, кешірім сұрапты.

МӘСЕЛЕ ДІҢГЕГІ – ДӘРІГЕР МӘРТЕБЕСІ

Елде медицина қызметкерлеріне ашу-ыза мен күш көрсету саны, өкінішке қарай, артып келеді. Ресми дерек бойынша, Қазақстанда кейінгі бес жылда дәрігер, медбике мен медицина саласының мамандарына жасалған зорлық-зомбылықтың 170-тен астам фактісі тіркелген. Ал адам өміріне араша түсетін ақ халатты жандарды қорғайтын арнайы заң болғанымен, жәбір көрген мамандар азаймақ емес. Сонда науқастың өмірі үшін арпалысқан дәрігер, енді өз өмірін қорғаудың да амалын іздеуге мәжбүр ме?

Қарағанды облысы. Облыстық балалар ауруханасында 38 жастағы облыс тұрғыны дәрігерлермен сөзге келіспей қалып, соққыға жыққан. Күдікті оқиға орнында ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалған.

3

СҰЛУЛЫҚ СЫРТҚЫ ЕМЕС, ІШКІ КЕЛБЕТТІҢ АЙНАСЫ

Бүгін сұлулық ұғымы бұрынғыдай тек сыртқы келбетпен шектелмейді. Ол енді медицинадағы жаңалықтар, заманауи технологиялар және сәннің үздіксіз өзгеріп тұратын ағымдарымен толыққан кешенді түсінікке айналды. Кейінгі үш жылда пластикалық және эстетикалық операцияларға деген сұраныс бүкіл әлем бойынша айтарлықтай өсті.

Халықаралық эстетикалық пластикалық хирургтар қоғамы (ISAPS) 2022 жылғы мәліметінде мұндай операциялардың көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 11,2%-ға артқанын, ал 2018 жылдан бері өсім 41,3%-ға жеткенін

хабарлайды. Бұл көрсеткіш адамдардың сыртқы бейнесіне деген көңіл бөлуі тек сән үшін емес, өмір салтының бір бөлігіне айналып бара жатқанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің



дерегінше, елімізде хирургиялық қызмет көрсететін 3 416 медициналық ұйым бар, оның 262-сі пластикалық хирургияға маманданған. Бұл – сұраныстың жоғары әрі саланың тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді. Мамандардың айтуынша, пластикалық отаның жас шектеуі нақты емес: «абдоминопластика» көбіне 18-52 жас аралығындағы әйелдерге жасалса, бет тарту отасы 35-65 жастағы адамдарға

ұсынылады. Ал «маммопластика» мен «ринопластика» 18-40 жас аралығындағы қыз-келіншектер арасында танымал.

Айта кетерлігі, пластикалық хирургия тек эстетикалық мақсатпен шектелмейді: жыл сайын елде туа біткен бет-жақ кемістігі бар балаларға жүздеген реконструктивтік ота жасалады.

Жалғасы 4-бетте



Гүлжан ОРАЗАЛИЕВА, IT маман:

БҰЛ САЛАДА ОРНЫҢДЫ ТАБУ ҚИЫН ЕМЕС

Кезекті кейіпкеріміз – Гүлжан Оразалиева. Атырауда туған жан бүгінде Сыр елінің келіні, 3 баланың анасы. Ал кәсіби жолын IT-мен байланыстырған. Сонымен қатар кәсіп жүргізуде де тәжірибесі бар. Жақында ғана Астанадан оралған Гүлжанмен сұхбаттасудың сәті түсіп, біршама әңгімелестік.

– Гүлжан, жуырда «Startup Garage» бағдарламасының финалисі атандыңыз. Құттықтаймын! Білдімше, «MunaLuna» жобасын әзірледіңіз. Толығырақ айтып берсеңіз.

– Иә, Astana Hub ұйымдастырған Startup Garage акселерация бағдарламасына қатысып, жобамыздың MVP-нұсқасын дайындадық. Бағдарлама барысында өнімді ұсыну, нарықты зерттеу, сату стратегиясы, стартап жүргізудің негіздері мен венчурлік нарық ерекшеліктерін меңгердік.

Соңғы лекке 390-ға жуық өтінім түсті. Demo Day-де 77 жоба арасынан үздік 15 стартаптың қатарына ендік.

Startup Garage – Astana Hub ұсынған инкубациялық бағдарлама. Ол стартаптарға алғашқы кезеңде гипотезаларын тексеруге, алғашқы клиенттерін табуға және жобаларын инвесторларға таныстыруға көмектеседі. Бұл жай ғана оқу емес. Бұл – идеяны толыққанды өнімге айналдыру, алғашқы сатылымдарды жасау және өзінді кәсіби ортада таныту мүмкіндігі.

«MunaLuna» – мұсылман әйелдеріне арналған femtech-стартап. Қазір біз pre-seed кезеңідеміз. Күзге қарай сатылымды арттырып, Орта Азия нарығына шығуды, ал жыл соңына дейін Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдеріне көптілді нұсқасын ұсынуды жоспарлап отырмыз.

Жоспарланған инвестиция көлемі 200 мың доллар: жартысы өнімді масштабтауға, қалғаны маркетинг пен команда құруға бағытталады.

Стартаптан бөлек, отбасылық «Happy cake» кондитерлік дүкендер желісін басқарамын. Қазір қалада 3 дүкен мен өндірістік цехымыз бар. Сонымен қатар Astana Hub-тың Sales Bootcamp акселераторына да қатысып жатырмын.

5-бетте

«ТАҢДАУ ПАРАДОКСЫ» ДҰРЫС ШЕШІМГЕ ӘСЕР ЕТЕ МЕ?


Еркіндікті жақсы деп ойлаймыз ғой. Әрдайым еркін жүргіміз келеді, еркін болғымыз келеді, жұмыста да еркін графикпен жұмыс істегіміз келіп тұрады. Былай қарағанда керемет сияқты, иә? Бірақ тым көп нұсқа бізге әрдайым көмектесе ме? Мысалы, кешкісін жай ғана фильм көрейін деп, онлайн платформа аштыңыз делік. Алдыңызда титтей суреттері тізілген мыңдаған атау. «Ең жақсысын табайын» деп бір сағат шарлап, ақыры ештеңе көрмей ұйықтаған кезіңіз болған шығар.

Немесе базарға барып, бірнеше киімді киіп көріп, қайсысын аларыңызды шеше алмай қалған сәттер ше? Психологтар мұны «таңдау парадоксы» дейді. Яғни, опция көп болған сайын шешім қабылдау қиындап, алғаныңызға

қанағат азаяды. Америкалық психолог Барри Шварц бұл құбылысты жан-жақты зерттеп, таңдау шектен асканда бостандық емес, керісінше мазасыздық пен өкініш көбейетінін айтқан. Бір қызығы, зерттеулерде 24 түрлі стильдегі киімді киіп көрген

адамдардың сатып алу ықтималдығы, тек 6 түрін киіп көргендегіден әлдеқайда төмен болып шыққан. Жылдам танысуда да солай, 6 адаммен кездескендер 12 адаммен кездескендерге қарағанда көбірек жұптасады. Демек аз таңдау сапалы шешімге әсер етеді деген аксиома қалыптасады. Сонымен, мүмкіндігі молайған бүгінгі заманда шексіз таңдау бізді шынымен еркін ете ме, әлде «көс оттын» арасына қалдыра ма? Жастар үшін «таңдау парадоксы» қаншалықты зиян? Аздаған ізденіс жасап көрген едік.

7



«БІЗДІҢ БАЛА...»

АБАЙДЫ «СӨЙЛЕТКЕН» ЖАС

Биыл – қазақтың ұлы ойшылы, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Ғасырлар өтсе де, Абайдың сөзі мен ойы әлі де мәнін жоғалтқан емес. Ол – өткеннің ғана емес, бүгіннің де шамшырағы.

Сол шамшырақтың жарығын жаңа ғасырдың тілімен сөйлетіп жүрген жастардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Жасанды интеллект институтының студенті Ернұр Қанат. Ол қазақ руханияты мен заманауи технологияны тоғыстырған ерекше жоба – «Абай» жасанды интеллект жүйесін жасап шықты.

Идеясы – ойшылдың кара сөздерін, мұрасын жасанды интеллект арқылы жас буынға түсінікті әрі қызықты жеткізу.

– Біздің мақсат – Абай Құнанбайұлының өлмес мұрасын цифрлы әлемге енгізу. Бұл бастама арқылы қазақ әдебиетін, мәдениетін, дәстүрін цифрлы дәуірге сай бейімдеп, жас ұрпаққа түсінікті әрі қолжетімді формада ұсыну. «Абай» программасы кара сөздерді заманауи форматта түсіндіреді, ойларын философиялық тұрғыда талдайды, тіпті қазақ тіліне негізделген тіл модельдері арқылы сұрақтарға жауап береді. Бұл – оқушылар мен студенттер үшін нағыз танымдық көмекші. Сонымен қатар қазақ тілінің IT саладағы дамуына үлес қосқымыз келеді, – дейді жоба авторы Ернұр Қанат.

Жобаның ең қызықты тұстарының бірі – Абайдың қырық алтыншы кара сөзі цифрлы форматта дайындалып, жасанды интеллект көмегімен ұлы ойшылдың бейнесінде ұсынылды. Экран алдында отырып-ақ, сіз Абаймен сұхбаттасқандай әсер аласыз.

Ернұр Қанат мұнан бөлек қолмен компьютерлік көру мен машиналық оқыту әдістерін пайдаланып, қолмен жазылған сан және әріптерді дәл тану жүйесін әзірлеген. «Бұл қолданушыларға өз жазуларын цифрлық форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді» дейді ол.

– Түрлі тақырып бойынша жасанды интеллект көмегімен сұрақтарға жауап беретін, қазақ және орыс тілдерінде сөйлесетін чат-боттар жасадым. Олардың ішінде танымдық, білім беру және ойын-сауық бағытындағы чат-боттар бар. Кейін адам қозғалысын, бет-әлпетті және эмоцияны тану секілді тапсырмаларды шешетін компьютерлік көру жүйелерін әзірлеуді қолға алдым. Бұл жобалар нақты уақыт режимінде жұмыс істейді және қолданушыға ыңғайлы интерфейсмен қамтамасыз етілген.



Қазақ тіліндегі жасанды интеллект технологияларын дамытып, ұлттық мәдениетті цифрлы түрде жаңғыртсам деймін. Сондай-ақ қазақ тіліндегі модельдерді әлемдік деңгейге жеткізуді, шетелдік үлгілермен салыстыра отырып жүзеге асыруды қалаймын, – деді жоба авторы.

Расымен жасанды интеллект ірі серпілістердің бірі. Ол есептеу, деректерді өңдеумен ғана шектелмейді. Қазірдің өзінде білім беруден бастап медицинаға, өнерден бастап өндіріс пен бизнеске дейін сан алуан саланы өзгертіп жатыр. Оның жылдамдығы, дәлдігі, шексіз дерек қорымен жұмыс істеу қабілеті адамға уақыт үнемдеуге, қателікті азайтуға әрі жаңа идеяларды тезірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал дәл осы жанашылдықты жастардың дұрыс бағытта қолданып жүргені көңіл көншітеді.

Әлия ТӘЖІБАЙ

БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ БЕЙІЛДІ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ МЕ?

Қызылорда қаласында белгілі тұрғылықты жері жоқ азаматтар үшін әлеуметтік бейімдеу орталығы жұмыс істейді. Қоғамнан шеттетілген, үй-күйсіз қалған, түрмеден босап шыққан немесе тағдырдың тауқыметін тартып жүрген азаматтарға жаңа өмірге бейімделуге мүмкіндік беретін мекеме 2001 жылдан бері жұмыс істейді.

Мұнда адамдарға уақытша баспана, ыстық ас, медициналық көмек, құқықтық және әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Ең бастысы, орталық әрбір адамды қайтадан қоғамға қосу үшін жүйелі жұмыс атқарып келеді. Жақында Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Қызылорда облыстық филиалы осы орталықта ашық кездесу өткізіп, қызмет алушылардың жағдайы мен мекеменің қазіргі ахуалына көз тастады. Кездесудің мақсаты – қызметкерлер мен қызмет алушылардың ұсыныстарын тыңдау, туындаған мәселелерді шешудің жолдарын бірлесе қарастыру. Осы тұста бейімдеу орталығының басшысы Жазыбек Төребаев бұл кездесудің маңызын атап өтті.

– Үйсіз, жалғыз қалған, тағдыр тәлкегіне ұшыраған әр азаматқа орталықта уақытша баспана, ыстық ас, медициналық және құқықтық көмек көрсетіледі. Біз ең алдымен олардың құжаттарын қалпына келтіріп, өмірге деген көзқарасын қайта бейімдеуге септесеміз, – деді Ж.Төребаев.

ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Нұрбек Дәуренбеков:

– Мұндай орталықтар – мемлекеттің маңызды тірегі. Өкінішке қарай, қоғамда үй-күйсіз қалған азаматтар аз емес. Олардың бір бөлігі отбасынан айырылған, енді бірі денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыз, кейбірі теміртордан бостандыққа шығып, қайтадан өмірге бейімделуде киналады. Біз бүгін осы орталық-



тың күнделікті тіршілігін, қызметкерлердің ауыр еңбегін, алғысқа толы қызмет алушылардың пікірін өз көзімізбен көрдік. Айтылған ұсыныстардың бәрін назарға алып, тиісті органдарға жеткіземіз. Әр азаматтың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау ортақ міндетіміз, – деп атап өтті.

Кездесу барысында әлеуметтік қызметкерлер еңбек жүктемесінің жоғары екенін, тәуліктік кезекшіліктер мен тәуекел тобына жататын азаматтармен жұмыс істеудің ауырлығын айтты. Қызмет алушылар боса, көрсетілген қамқорлыққа ризашылық білдіріп, жеке құжаттарын рәсімдеу, медициналық тексеруден өту, әлеуметтік жәрдемақы алу сияқты жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Орталықта тұрып жатқан Ерлан (есімі өзгертілген) есімді қызмет алушы өз ойымен бөлісті:

– Мұнда келгеніме үш ай болды. Осы уақыт ішінде жеке куәлігімді қайта жасатып жатырмын. Мұндағылар медициналық тексеруден өткізіп, ем алуыма көмектесті. Мекемедегі мамандар бізге жай ғана уақытша баспана беріп қоймай, өмірімізді қайта жолға қоюға жәрдемдесіп жатыр. Сол үшін алғыс айтамын, – деді ол.

Кездесу барысында әлеуметтік бейімдеу орталығы қызметкерлерінің еңбек жағдайы басты назарға алынды. Мекеме ұжымы жұмыс көлемі туралы айтып, орталық мамандар тәулік бойы кезекшілік етумен қатар, өмірлік

қнын жағдайға түскен азаматтармен үнемі жұмыс жүргізетінін тілге тиек етті. Мұндай тәуекел тобына жататын адамдармен күнделікті қарым-қатынас жасау эмоционалдық тұрғыдан да, кәсіби тұрғыдан да ауыр жүк екенін қызметкерлер жасырмады. Осы ретте олар әлеуметтік сала қызметкерлеріне жеңілдік шаралары керек деп санайды. Қазір Қазақстан бойынша әлеуметтік мекеме қызметкерлерінің жалақысы атқаратын міндеттеріне аяй еместөмен деңгейде екені Парламент мінберінде де айтылған.

Мәселен, елордалық қарттар мен мүгедектер үйінде 10 жылдан астам тәжірибесі бар әлеуметтік қызметкер айына небәрі 155 мың теңге жалақы алады, ал қарапайым тазалықшы 87 мың теңге табыс табады. Балаларға арналған арнайы қолдау орталықтарында да жағдай ұқсас, қызметкердің айлығы 120 мың теңге төнірегінде ғана. Бұл сандар әлеуметтік қызметкерлердің еңбегі ауыр болса да, еңбекке қызығушылықты арттырады дегенді білдіреді. Жалақының аздығы мен әлеуметтік қорғаудың әлсіздігі салдарынан бұл салаға білікті мамандарды тарту қиына соғып отыр. Осы бейімдеу орталығының қызметкерлері де дәл осындай түйткілерді көтеріп, өз ұсыныстарын білдірді.

Орталықтағы қызмет алушы тұрғындар өз тарапынан көрсетіліп жатқан көмектің бірқатар жақтарын оң бағалады. Әсіресе, жеке басын қуалаңдыратын құжаттарды қайта қалпына келтіру және рәсімдеу жұмыстарының жүйелі жолға қойылғанын ризашылықпен айтты. Мұндай орталықтарда тұрғылықты жері жоқ адамдарға құжаттандыру және құқықтық көмек көрсету – өмірге қайта бейімдеудің басты қадамы саналады. Мысалы, республикадағы осындай бейімдеу мекемелері қызмет алушылардың жеке куәліктерін жасап, жоғалған құжаттарын қалпына келтіруге тікелей көмектеседі. Шымкент қаласындағы әлеуметтік бейімдеу орталығы биылғы 11 айдың ішінде 42 адамның жеке тұлғасын анықтайтын құжаттарын

рәсімдеп, 5 азаматқа зейнетақы тағайындалуына, 8 азаматқа мүгедектік жәрдемақы алуына ықпал еткен. Қызылордадағы орталықта да дәл осындай жұмыстар тұрақты атқарылып келеді, қызмет алушылардың көпшілігіне жеке куәлік пен ЖСН алу, қажет жағдайда бұрынғы құжаттарын қалпына келтіру, медициналық тексеруден өткізу, әлеуметтік жәрдемақылар мен қызметтерге қол жеткізу ісінде мекеме жан-жақты жәрдемдеседі.

2023 жылы орталықта барлығы 143 қызмет алушы болған. Оның 45-і алдыңғы жылдан ауысса, 98-і жаңадан қабылданған. Сол жылы 102 адам шығарылып, олардың 134-і ер, 9-ы әйел болған. Құжаты барлар – 125, құжаты жоқтар – 18 адам. 2024 жылы қызмет алушылар саны 127-ні құрап, оның 41-і 2023 жылдан ауысқан, 86-сы жаңадан келген. 84 адам шығарылған, ерлер – 119, әйелдер – 8, құжаты барлар – 115, құжаты жоқтар – 12 адам. 2025 жылдың алғашқы алты айында орталықта 82 адам тіркелген, оның 43-і өткен жылдан ауысқан, 39-ы жаңадан қабылданған. Осы кезеңде 43 адам шығарылып, ерлер – 75, әйелдер – 7, құжаты барлар – 73, құжаты жоқтар – 9 адам болды.

Кездесуде сөз алған қызмет алушылар орталық мамандарының жанашырлығын атап өтіп, құжат мәселелерін шешуге ұдайы көмектесіп келе жатқаны үшін алғыс білдірді. Сонымен бірге, орталықта тұрғындардың құқықтық сауатын арттыру, қоғамға бейімделуіне қажетті ақпарат беру ісі де жолға қойылған. Орталық мамандары әр азаматтың жағдайын жеке зерделеп, туу туралы куәлігінен бастап, зейнетақы шотына дейін реттеуге тырысады.

Қызылордадағы әлеуметтік бейімдеу орталығы – үй-күйсіз қалған, тағдырдың ауыр сынағынан өткен азаматтарға өмірге қайта қадам басуға мүмкіндік беретін маңызды мекеме. Мұнда көрсетілетін уақытша баспана, тамақ, медициналық және құқықтық қолдау – тек алғашқы көмек ғана емес, адамның өз орнын қоғамнан қайта табуына жол ашатын жүйелі жұмыс. Ең бастысы – бұл кездесуде адам тағдырына бейжай қарамай, әрбір азаматтың қоғамға қайта қосылуына жағдай жасау ортақ міндет екені тағы да айқындалды. Партия өкілдері айтылған ұсыныстарды тиісті органдарға жеткізіп, олардың орындалуын бақылайды. Мұндай жүйелі қадамдар бейімдеу орталықтарының жұмысын күшейтіп, ондағы әрбір жанның өмірін жаңа арнаға бұруға сеп болмақ.

Ердаулет СӨРСЕНҰЛЫ

Биыл алматылық «Қайрат» клубының Чемпиондар лигасында жолы болып тұр. Жеребе жолдас болды. Үш кезең қатарынан сәтті түсті десек те болады. Одан кейін кездесулердің барлығын бірінші сырт алаңда, сосын екінші ойынын өз үйінде өткізіп келді. Екі қарсыластан тамаша өтіп алған соң, міне, үшіншісі түсті.



«ҚАЙРАТ» – ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Алматыдағы ойында төреші Гезабүйік тамаша көмектесті. Бір ойыншыны алаңнан қуды, 90 минутта 11 метрлік айып добын белгіледі. Ал сырттағы ойында француз төреші Бенуа Бастьен қызмет қылды. Ойын басталған сәттен-ақ алаң иелері шабуылға лап қойды. Бірақ қонақтар Жоржионың айып алаңынан жасаған соққысымен жауап беріп, доп қақпа маңдайшасынан қайтты. Әйтсе де словакиялықтар қарқынды арттырып, Роберт Мактың күшімен есеп ашты.

Екінші таймда алматылықтар бірнеше гол соғатын сәттер жасай алды. Өздері де қарсы шабуылдан қақпаға доп өткізіп ала жаздады. Мактың соққысы қақпа жақтаушысына тиді. Осылайша Словакия жерінде өткен ойында таболда 1-0 есебі тіркеліп, ойын қосымша уақытқа жалғасты. Екі қақпаның саңылауын таба алмаған ойыншылар плей-офф жолдамасын пенальти сериясында шешті. Мүмкіндікті мүлті жібермеген «Қайрат» аяқдопшылары келесі кезеңге өтіп, іріктеу кезеңінің үшінші айналымында фаворит саналған «Слован» клубын артқа тастады.

«Қайрат» – қазақ футболының мақтанышы. Осы сөз бұрын Кеңес кезінде айтылған еді. Бүгін де айтсақ болады. Ерлік көрсетіп «Слованды» жеңді. Сенсация жасады. Өткен жылы топтық кезеңде ойнаған команда ғой. Германиялық «Бавария», испаниялық алып «Атлетико», италиялық мықты «Милан» секілді топ командаларға қарсы ойнап, гол салып, абыройлы өнер көрсеткен еді. Сол команданы жеңіп, келесі айналымға өту қандай күшті. Енді Шотландия елінің «Селтик» клубымен тағы да сынга түсеміз. «Астана» мен «Шахтердің» шамасы жетпеген бұл командаға алматылық команданың шамасы жетер деген ойдамыз. «Ескі жау атыспаққа жақсы» деген сөз бар ғой. Бәлкім, осы жолы

«Қайрат» клубы Чемпиондар лигасының негізгі тобына жолдама алып кететін шығар. Сосын әлемнің алпауыт құрамаларына қарсы тұрып, ел назарын аяғына телмірткен атақты аяқдопшыларды Қазақстанға алып келеді деген сенім бар. Айта кетейік, алғашқы кездесу 20 тамызынан 21-іне қараған түні сырт алаңда және қарымтай ойын 27 тамызда Алматыда өтеді.

Кешегі ойында жеңіске жеткен команда ерекше жетістіктерді де тіркеп үлгерді.

Отандық клубымыз алғаш рет еурокубок тарихында Словакия командасынан өте алды. Бұған дейін қазақстандық клубтар еурокубокта Словакия командаларымен төрт рет кездесіп, барлығында жеңілген еді:

- 2002/03 маусымында «Атырау» УЕФА Кубогының алғашқы айналымында «Матадорға» екі матч қорытындысы бойынша (0:2) жол берді;
- 2005/06 маусымында «Қайрат» Чемпиондар Лигасының алғашқы айналымында «Артмедиядан» (3:4) ұтылды;
- 2011/12 маусымында «Тобыл» Чемпиондар Лигасы іріктеуінің екінші кезеңінде «Слованнан» (1:3) жеңілді;
- 2021/22 маусымында Конференциялар Лигасының үшінші кезеңінде «Жилинадан» (0:6) ойсырай ұтылды.

Еске сала кетейік, осы маусымдағы Чемпиондар лигасында «Қайрат» бұған дейін Словенияның «Олимпиясын» және Финляндияның «КуПС» клубын жеңген болатын. Егер «Қайрат» клубы «Селтикпен» өте алмай қалса, бірден Еуропа Лигасының негізгі кезеңіне қатысуға кепілдік алады.

Сонымен қатар Қазақстанның еурокубоктарда тағы бір өкілі бар. «Астана» Конференциялар Лигасының үшінші іріктеу кезеңінде өнер көрсетуде. 14 тамыз күні елордалық клуб Швейцарияның «Лозанна» клубына қарсы қарымта матч өткізеді.

Нұр БАҚЫТ



Басы 1-бетте

МӘСЕЛЕ ДІҢГЕГІ – ДӘРІГЕР МӘРТЕБЕСІ

Қостанай қаласы. Облыстық аурухананың қабылдау бөлімінде медицина қызметкеріне шабуыл жасалды. Ал жәбірленуші – жазғы тәжірибеден өтіп жүрген медициналық университеттің студенті. Ауруханаға келген әйел анасының өліміне дәрігерлерді кінәлап, ашу үстінде қыздың иығынан ұрған. Оқиға тіркеу бөлімінен үш метр жерде тұрған күзетші мен полиция қызметкерінің көз алдында болған. Студенттің айтуынша, бірнеше күн бұрын олар қабылдаған әйел еңтігу мен жүрек қағысының жиілеуіне шағымданған. Науқастың қызының талап етуімен оны невропатолог қарап, амбулаториялық ем алуға жіберген.

– Әйел адамның эмоционалды күйде студенті итеріп жібергені белгілі болды. Жағдай полицияның бақылауында. Қызметтік тергеу жүргізіліп жатыр, – деген еді денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Жамбыл облысы. Байзақ ауданында фельдшер окқа ұшты. Танысы қастандық жасаған 27 жастағы жас маманның қабырғасы зақымданған.

Қарағанды облысы. Жеке клиникалардың біріне әйелін әкелген ер адам медицина қызметкерін аяусыз ұрып-соқты. Агрессия танытып, кабинет есігін теуіп сындырып, дәрігерді ұра бастаған. Салдарынан дәрігердің сауақтары сынып, бас миы шайқалған және денесінің біраз жері көгерген. 42 жастағы күдікті психоневрологиялық орталыққа жеткізіліп дәрігерлердің бақылауында болды. Қарағанды облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, қылмыстық іс қозғалды.

Мұның барлығы бір жылдың ішінде, яғни биыл орын алып отыр. Осыдан 2 жыл бұрын Петропавлда 17 жастағы жігіт тапаншамен балалар ауруханасына баса көктеп кіріп, дәрігер мен пациентті соққыға жыққан еді. Ал былтыр күйеуінен қорлық көрген әйел жедел-жәрдемге қоңырау шалған. Дәрігерлер үйдің табалдырығынан аттаған сәтте ер адам фельдшерді ұстап алып, басқа бөлмеге кіргізіп, тамағына пышпақ тақайды. Бұл оқиға Астанада орын алған еді. Полиция бұзақыны ұстап, үстінен әкімшілік іс қозғады. Дәрігерге шабуыл жасаған ер адам 25 жастағы жігіт болып шықты.

ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІНДЕГІ ҚАРБАЛАС

Құдай аурудан сақтасын десе де денсаулығыңыз нашарлап ауруханаға жолыңыз түскенде кикілжіңнің көбіне қабылдау бөлімінде болатынын байқаған шығарсыз. Биыл орын алған жағдайдың екеуі де қабылдау бөлімінде болған.

Ал Қызылордадағы ауруханалардың жағдай қалай? Бұл сауалдың жауабын көзбен көру үшін облыстық көпбейінді аурухананың қабылдау бөліміне бардық. Кіреберісте қалалық полиция мамандары тыныштық пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етіп отыр. Ал есікті ашқан сәтте-ақ денені бөлек атмосфера жаулап, ауруханаға тән салқын леп пен дәрі-дәрмек иісі «қарсы алады». Бір бұрышта – жедел жәрдеммен жеткізілген науқасқа дәрігерлер алғашқы көмек көрсетіп жатыр. Екінші бөлікте – медбикелер аппараттарын дайындап, жаңадан түскен науқастарды жайғастыруда.

Қабылдау бөлімі – тәулігіне бір

сәт те тыным таппайтын жер. Жыл он екі ай, жеті күн, жиырма төрт сағат бойы мұнда жарық сөнбейді, байланыс телефоны үнсіз қалмайды, дәрігерлердің қадамы бәсеңдемейді. Мұнда жедел ота жасау, жедел реанимациялық көмек көрсету, кіші ота жасау, ірінді жарақаттарды тану, құтыру ауруына қарсы екпе жасалатын бөлмелер, компьютерлі томография бар. Бұл жерге түскен науқас әуелі осы бөлімде толық тексеріледі. Дертін анықтау үшін барлық талдама алынып, жылжымалы медициналық құралдармен зерттеледі. Науқасқа жылжымалы электрокардиограмма, УДЗ, рентген аппараттары әкелінеді. Жарақат бекеті, аса қауіпті инфекциялық аурулардан оқшаулау бөлмелерімен қамтылған.

Дегенмен қарбаласқа толы осы ортада кикілжің де туындайды. Бірі – кезегін күткісі келмейді, бірі – дәрігерден бірден нәтиже талап етеді. Енді бір адам масаң күйде шу шығарса, келесі бірі рұқсатсыз ішке кіріп кетуді ойлайтыны рас. Ал қысым мен агрессияны көтеріп жүрген маман үшін бұл – күнделікті, десе де денсаулығына, жұмыс процесіне әсер ететін ауыр жағдай.

Ақ халатты абзал жандардың күнделікті күресі мен көзге көрінбейтін қиындығын түсіну үшін біз қабылдау бөлімінің меңгерушісі Айдарәлі Қайназарұлымен диалогтастық.



– Иә, әрине, қабылдау бөлімінде агрессия жиі туындайды. Науқастар көмекке жүгінген кезде біз алдымен сұрыптау жұмысын жүргіземіз. Жергілікті емханаларында ем алу керек екенін пациенттерге немесе туыстарына түсіндірген кезде агрессия туындайды. Бұл – халық арасында медициналық негіздердің дұрыс түсіндірілмеуінен туындап жатқан мәселелер деп ойлаймын, – деді ол.

Дәрігердің айтуынша, науқастың саны өте көп. Бұл да түсініспеушіліктің орын алуына әсер ететін фактордың бірі. Пациенттер үш топқа бөлінеді. Жеңіл топтағы науқастар кезексіз тез қаралуға ұмтылады. Жағдайы ауыр адамдарды түсіне бермейді. Анализ алынады, талдау жасалады. Барлығы уақытты талап етеді. Ал көмекке жүгінгендер «Таңнан кешке дейін бір-ақ адамды қарайсындар ма?» деп ренішін білдіреді.

– Сирек кездесетін, күрделі диагноз қойылғанда қосымша тексерулер, талдаулар қажет болады. Бұл біршама уақытты талап етеді. Сол кезде пациент пен туыстарының шыдамсыздығы артып, сапа туралы сын айтыла бастайды. Кейде дәрігер науқасты, ал науқас дәрігерді толық



түсінбейді. Агрессияға тап болғанда қабылдау бөлімінде арнайы іс-әрекет алгоритмі қолданылады. Ішкі аудит маманы, пациенттерді қолдау қызметі, бөлім меңгерушісі – барлығы бірге әрекет етеді. Агрессия білдірген адаммен әңгіме жүргізіліп, себебі анықталады. Кейін арнайы шаралар қабылданады.

Қысым жасалғанда медицина мамандары кәсіби күйзеліске

сол жолда оралмады...

Сұхбат барысында Айдарәлі Қайназарұлы да сол бір жылды еске алды.

– Пандемия кезіндегі жағдай да оңай болған жоқ. Ауыр халдегі сырқаттар, олардың өмірі үшін түн ұйқысын бөлген ақ халаттылардың еңбегі... Сол күндері қанша әріптесіміздің өз денсаулығын қатерге тігіп жұмыс істегеніне куә болдық. Өкінішке қарай, олардың кейбірі біздің арамызда жоқ, – деп бөлісті маман.

Қабылдау бөлімінде біз білмейтін, сіз көрмеген қанша оқиға бар. Өмірлік жолын медицинадан тапқан, дертке шипа табуды қалаған мамандар да – ет пен сүйектен жаралған адам. Еңбекті бағалау, маманға құрмет көрсету – қоғамға ортақ міндет.

ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІС ЖАҒДАЙДЫ ӨЗГЕРТЕ МЕ?

Өлгінде біз жазған, сіз оқыған жағдайлар елде болған бірен-сараны ғана. Әлқиссада айтқандай, арнайы заң бар. Иә, иә, былтыр көктемде медицина қызметкерлерінің құқығын қорғайтын заң қабылданды. Құжат ақ халаттылардың мәртебесін көтеруге бағытталған. Сондай-ақ олар артық есеп беру ісінен де босатылған еді. Биыл бұл заңға өзгерістер енгізілуде. Дұрыс-ақ. Себебі адамға араша болған мамандардың мәртебесі биік, құқығы қорғалған болу керек.

Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлеріне жасалған шабуыл мен қатыгездік үшін жазаны қатаңдату мақсатында ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізуді тапсырды. Осы тапсырманың орындалуы барысы туралы премьер-министр Олжас Бектенов жиын өткізіп, премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, ішкі істер министрі Ержан Сәденов және әділет вице-министрі Лаура Мерсалимова қатысты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасының орындалуын қамтамасыз ету қажет. Дәрігерлерге шабуыл жасалған мұндай оқиғалар құқықтық әдістермен қатаң түрде тоқтатылуы керек. Осыған байланысты денсаулық сақтау, ішкі істер, әділет министрліктеріне 10 күн мерзім ішінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде медицина қызметкерлеріне қатысты зорлық-зомбылық жасалғаны үшін қылмыстық жаза қарастыру бойынша заңнамалық түзетулер әзірлеп, енгізуді тапсырамын, – деді Премьер-министр жиында.

Өзгеріс енгізуге тапсырма берілді, қозғалыс басталды. Шаралар Мемлекет басшысының заң идеологиясын және 2025-2030 жылдарға арналған тәртіпті ілгерілету жөніндегі тұжырымдамасы негізінде әзірленеді. Медицина қызметкерлеріне жасалған шабуыл бағытталған заңнамалық өзгерістер биыл қыркүйекте Парламентке енгізіледі.

Бастамалардың қатарында ургенттік стационарлардың, балалар және перинаталдық орталықтардың қабылдау бөлімдерінде тәулік бойы күзет посттарын күшейту де қарастырылды. Сонымен қатар барлық медициналық ұйым бейнебақылау жүйесімен, күзетпен және дабыл батырмаларымен қамтамасыз етіледі.

– Қылмыстық кодекске медицина қызметкерлеріне күш көрсету, қол жұмсауға қатысты жеке бап енгізіледі.

Бұл Қылмыстық кодекстің жаңа 158-баптың 1-тармағы болады. Ол бостандықты шектеу немесе айыру жазасын қарастырады, – деді Ақмарал Әлназарова Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында.

Егер зорлық-зомбылық бір ғана медицина қызметкеріне қатысты жасалса – жаза мерзімі 2 жылдан 7 жылға дейін тағайындалады. Ал оқиға төтенше жағдай кезінде орын алса 10 жылға дейін, бір немесе бірнеше адам бір топ медицина қызметкеріне қауіп төндірсе 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова қазақстандықтарға үндеу жолдады.

– Алда бізді медицина қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыруға бағытталған бірқатар кешенді шараларды іске асыру күтіп тұр. Олардың қатарында медициналық ұйымдарға төтенше жағдай батырмаларын және бейнебақылау жүйесін орнату, қабылдау бөлімшелерінде тәулік бойы полиция посттарын ұйымдастыру, жедел жәрдем бригадаларына арналған «ақылды бейнежетондарды» енгізу, медициналық ұйымдарды ПМ-нің Жедел басқару орталықтарының жүйесіне қосу қарастырылуда.

Баршаңызды барлық деңгейде өркениетті қарым-қатынас мәдениетін сақтауға шақырамын! – деді министр.

Бұл мәселе бүгін ғана емес, кезінде де қозғалған. Мысалы 2023 жылы Мәжілістің жалпы отырысында депутат Гүлдіара Нұримова дәрігерлердің құқығы мен қауіпсіздігі жайлы жолдаған сайлауында:

«Талғар аудандық орталық ауруханасындағы реанимация бөлімінде реаниматолог-анестезиолог дәрігер мен медбикені қайтыс болған науқастың ұлдары аяусыз ұрған. Зорлық-зомбылық салдарынан медицина қызметкерлерінің өміріне қауіп төндіретін жабық ми жарақаттары, мидың ісінуі, көптеген гематомалар, абразиялар және жабық сүйек сынықтары сияқты ауыр жарақаттар алды. Алматы облысында пышақпен шабуыл жасау, тіпті Алматыда науқастың гастроэнтерологты атып өлтіргені сияқты өлім жағдайлары да тіркелді.

Мен дәрігер ретінде айтқым келетіні, бірде-бір дәрігер өз пациентінің жөз жұмғанын қаламайды. Күнделікті өз жұмысында дәрігерлер дөрекілікке, қорлауға және туыстарының агрессивті жні шабуылдарына тап болып жатады. Мысалы, үнсіз қалуды немесе жұмыстан шығуды жөн көретін басқа медицина қызметкерлері туралы қоспағанда, тек Алматы облысында жедел жәрдем қызметкерлеріне 12 рет шабуыл жасалған» деді ол.

Яғни бұл бір күнде пайда болған мәселе емес екенінің нақ дәлелі. Сауал әлі де ашық. Медицина мамандарының ақ халаты қашанға дейін қызылға бояйла бермек?

Біз бір-бірімізге деген өркениетті қарым-қатынас, мәдениетті сақтауымыз керек. Балаларға жас кезінен медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуді, алғыс айту мәдениетін үйреткеніміз жөн. Халқымыз «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» деп бекер айтпаған. Адам өмірін аурудан арашалап жүрген жанға қол көтеру үшін адам қаншалықты деңгейде қатігез және мейірімсіз болуы керек?

Әлия ТӘЖІБАЙ



Сұлулық сыртқы емес, ішкі келбеттің айнасы

Басы 1-бетте

Тарихқа көз тастасақ, талай рет белгілі тұлғалар сұлулық символы саналып, алайда шамадан тыс пластикалық өзгеріс олардың сол даңқты мәртебесін жоғалтуына себеп болған. Голливуд пен сән индустриясында аты аңызға айналған кейбір актрисалар мен модельдер жылдар бойы табиғи келбетімен танылып, көрермен сүйіспеншілігіне бөленді.

Мәселен, әйгілі Донателла Версаче – «Vergasace» сән үйінің жетекшісі – 1990 жылдары өзіне тән айқын келбетімен сән әлемінің басты тұлғаларының бірі болды. Дегенмен жылдар бойы жасалған пластикалық процедуралар оның бейнесін бастапқы табиғилығынан айырып, жұрт назарын сән туындыларынан гөрі сыртқы өзгерістеріне аударды. Сол секілді 1980-1990 жылдары Голливудтың ең сұлу актрисаларының бірі саналатын Мег Райан да бірнеше сәтсіз эстетикалық өзгерістерден кейін сынның нысанасына ілікті. Мұндай мысалдар сыртқы бейнені шамадан тыс түзету көбіне адамның даралығын жоғалтып, бұрынғы тартымдылығын көлеңкеге қалдыруы мүмкін екенін көрсетеді. Алайда шектен тыс хирургиялық түзетулер олардың бейнесін түбегейлі өзгертіп, бұрынғы ерекшелігін жойды. Нәтижесінде, олар тек сыртқы пішіні ғана емес, халық санасындағы «сұлулық эталоны» ретіндегі орнын да жоғалтты.

Бұл оқиғалар бізге бар нәрсенің қадірін білуді еске салады. Адамның табиғи ерекшелігі – оны дара етіп көрсететін басты құндылық. Кейде өз бейнеміздегі ұсақ «кемшіліктер» шын мәнінде бізді өзгелерден айырып тұратын ерекшелік болуы мүмкін. Сол себепті, сұлулыққа ұмтылғанда, оны тек өзгертудің жолын емес, барын сақтау мен бағалаудың да мәнін ұмытпау маңызды. Өйткені уақытша сәнге ілесу үшін мәңгілік ерекшелікті құрбан ету – орны толмас өкінішке айналуы ықтимал.

Қазір бетке жасалатын оталардың ішінде «ринопластика» сұранысқа ие. Ол тек эстетикалық емес, тыныс алу жолдарын түзету сияқты медициналық себептермен де жасалады. Иә, отаны жасату денсаулық соны талап етіп тұрған кезде пайдалы. Алайда қазір операцияға жүгінетіндердің көбі сұлулықтың белгілі бір стандартына сәйкес келу үшін пышақ астына түсуден тайынбайды.

Хирургиялық әдістер ішінде артық майды алу – «липосакция» – алдыңғы орында. Одан кейін кеуде үлкейту, қабаққа операция (блефаропластика), іштің терісін тарту (абдоминопластика) және кеуде көтеру сияқты процедуралар орын алады. Кейінгі жылдары бөксені үлкейту

операцияларының 56,8%-ға өсуі – әлеуметтік желілердегі «идеал дене» культі мен шоу-бизнес ықпалының айқын көрінісі. Мұндай үрдіс сән индустриясындағы бағыттар мен адамдардың өзін-өзі қабылдауына тікелей әсер етуде.

Хирургиялық емес тәсілдер ішінде «ботокс» көш бастап тұр: 2022 жылы әлемде 9 миллионнан астам адам ботулин токсинін қолданған. Одан кейін гиалурон қышқылы филлерлері, химиялық пилинг және инвазивті емес май азайту әдістері танымалдыққа ие бола бастады. Бұл дерек қазіргі таңда сұлулық индустриясы тек хирургиялық әдістермен шектелмей, заманауи және салыстырмалы түрде жеңіл процедураларға да бет бұрғанын байқатады.

ІШКІ ҮЙЛЕСІМ

Сұлулыққа ұмтылудың себептері әртүрлі. Бірі өзіне сенімділікті арттырғысы келеді, бірі – кәсіби талаптарға сай болуға тырысады, енді бірі – жеке өміріндегі өзгерістерге байланысты қадам жасайды. Алайда психологтардың айтуынша, сыртқы келбетті шектен тыс өзгертуге деген құмарлық кейде ішкі психологиялық мәселелердің көрінісі болуы мүмкін.

Сырт келбетке шамадан тыс көңіл бөлу синдромы – BDD (body dysmorphic disorder) – адамның өз бейнесін бұрмаланған түрде қабылдауына әкеледі. Мұндай адамдар кішкентай сызықты, мұрынның аздаған қисаюын немесе дененің белгілі бір жеріндегі майды үлкен кемшілік деп санайды. Статистикаға сүйенсек, BDD-мен ауыратындардың көпшілігі бірнеше пластикалық операциядан кейін де қанағаттану сезімін таппайды. Демек мәселе бет пішінінде емес, адамның өзін қабылдауында жатыр.

Психологтар «жүрек таза болмаса, бет-әлпет те жарқырамайды» дейді. Сондықтан пластикалық операцияға бармас бұрын ішкі үйлесімді қалыптастыру маңызды. Медитация, психотерапия, хобби, спорт сияқты тәсілдер адамның көңіл-күйін көтеріп, өзіне деген көзқарасын жақсарты алады. Бұл әдістер кей жағдайда пышақсыз-ақ сұлулыққа жетудің тиімді жолына айналады.


ТЕҢГЕ МЕН ТӘУЕКЕЛ

Кеуде үлкейту, мұрын түзеу, бөксе пішіндеу, қабақ тарту секілді операциялар танымал болса да, арзан емес. Мәселен, Түркияда ринопластика шамамен 3 000–4 500 доллар, липосакция – кемінде 2 500 доллар, ал кеуде үлкейту – 6 000 долларға дейін барады. Бұл тек операцияның бағасы. Бұған дәрі-дәрмек, арнайы киім, бақылау тексерулері және жұмыстан калудың шығыны қосылады.

Сонымен қатар операциядан кейінгі қалпына келу кезеңін де естен шығармайық. Көп адам кем дегенде 1-2 апта бойы ісіну мен көгерудің кетуін күтіп, үйде болады. Отаның күрделілігі байланысты емделу уақыты бірнеше айға созылуыда мүмкін.

Пластикалық отаның сәтсіз нәтижелері адам өмірінде ауыр психологиялық және физикалық зардаптарға әкелуі мүмкін. Дәрігердің қателігі, сапасыз материалдар немесе операция алдындағы жеткіліксіз тексеру салдарынан беттің табиғи симметриясы бұзылып, мимика қабілеті шектеледі. Кей жағдайда тыртық, тіндердің некрозы немесе бет әлпеттің мүлдем өзгеріп кетуі орын алады. Елімізде орын алмаса да, әлеуметтік желіде көп дүниені көріп жүрміз. Сұлу боламын деп жүргенде күле алмай, ең құрығанда көзін ашып-жұмуға қауқары жетпей қалған пластикалық операцияның құрбанын көзіміз шалды. Өкінішті-ақ, себебі арудың отаға дейінгі бет-әлпеті де ажарлы еді. Ал енді бұл олқылықтың орнын толтыру мүмкін бе, бір Құдайға аян. Мұндай жағдайлар адамның өзін-өзі қабылдауына соққы беріп, қоғаммен қарым-қатынасын қиындатады. Ең сорақысы, кейбір сәтсіз операциялар денсаулыққа зиян тигізіп, адам өліміне жеткізуі мүмкін.

Кейінгі жылдары елде бірнеше даулы жағдай тіркелді: 2023 жылы Алматыдағы жекеменшік клиникада «липосакциядан» кейін әйел көз жұмса, 2020 жылы дәл осындай операциядан кейінгі өлім фактісі бойынша хирург 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылған. 2019 жылдан бері пластикалық операция сапасына қатысты 39 шағым түсіп, оның 67%-ы негізді деп танылды. Бұл дерек лицензиясы мен сертификаты бар маманға жүгінудің,



клиниканың заңды мәртебесін тексерудің маңызын айқын көрсетеді.

Бірақ қомақты қаржы жұмсап, айлап реабилитациядан өтіп, соңында «тағы да түзету қажет» деген жауап алу – бұл үлкен тәуекел екенін есте сақтаңыз. Уақытша өзгеріс үшін денсаулық пен қаржыны тәуекелге тігу – әркімнің жеке тандауы, бірақ ол шешімнің құны жоғары екенін түсіну маңызды.

ТАБИҒИЛЫҚ – ЖАҢА СӘН

Бүгінде сән индустриясында табиғи сұлулыққа деген белсенді бетбұрыс байқалады. «Clean girl» стилі, минималды макияж, филтрсіз фотосуреттер – жаңа трендке айналды. Бұл бағыт адамның өз ерекшелігін жасырмай, керісінше, көрсетуге шақырады.

Әлемдік брендтер мен модельдік агенттіктер әртүрлі бет пішіні, тері түсі және бой ұзындығы бар адамдарды жарнамаларға тартуда. Бұл жылдар бойы үстемдік еткен «идеал стандарттардың» әлсіреуінің белгісі. Табиғи сұлулықты қабылдау – өзін өзгелердің өлшемімен емес, өзінің жеке құндылықтарымен бағалау. Мұндай ұстаным тек эстетика ғана емес, психологиялық еркіндік әкеледі.

Күнделікті күтім, спорт, дұрыс тамақтану, теріге күтім жасау – мұның бәрі табиғи сұлулықты ұзақ жылдар бойы сақтауға көмектеседі. Ішкі сенімді қалыптастыру мен әлеуметтік желідегі «идеал» бейнелерден алшақтау да психологиялық тұрғыдан маңызды.

Пластикалық хирургия – біреулер үшін арманын жүзеге асыратын құрал, ал басқалар үшін – шешілмеген мәселенің бетін жабатын перде. Таңдау әркімнің өзіне. Бірақ шешім қабылдағанда тек сыртқы бейнеге ғана емес, ішкі сезімдерді де елеусіз қалдырмаңыз. Себебі бұл өзгерістердің көбі уақытша. Бір-екі жылда қайта түзету қажет болуы мүмкін. Ал табиғи сұлулыққа жұмсалған күш – спорт, дұрыс тамақтану, күтім – жылдар бойы өз жемісін береді.

Сұлулық – асыл тастай, қырланған сайын жарқырай түсетін, бірақ шектен тыс өңделсе қадірі



кететін нәзік қазына. Бүгінгі сәннің толқынына ілесемін деп, табиғат сыйлаған дара болмысыңнан айырылу өзіне сатқындық жасағанмен пара-пар. Халық «қыздың көркі – қылығы» деп бекер айтпаған, өйткені әсемдік тек бет пішінінде емес, жан жылуында, көздің отында, күлкі мен сөздің мәнерінде жатады. Пышақ астында дене мүсінін түзетуге болады, бірақ жүректегі үйлесімді тек мейірім мен өзін қабылдай білу қалыптастырады. Уақыт өтеді, сән өзгереді, ал шынайы сұлулық – мәңгілік мұра секілді ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Сондықтан бір күндік әсемдік үшін бір ғұмырлық ерекшелікті құрбан етпеуге тырысайық, себебі өз болмысыңнан асқан сұлулық жоқ.

Қорлан САРЫ

СЫР МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС

Қызылорда өңірінің денсаулық саласындағы жетістіктері сырбойылықтарды қуантпай қоймасы анық, себебі сүйінші сұраған жаңалықтар легі толастамай тұр. Ел Президентінің тікелей тапсырмасымен елге қайтарылған заңсыз активтердің бір бөлігі – 7 миллиард теңге – енді халық игілігіне, яғни жаңа медициналық мекемелердің құрылысына жұмсалмақ.

Аралдың толқынына ұйған шағын ауылынан бастап, Жаңақорғанның жоталы жазығына дейін, Қазалы мен Шиелінің төріне дейін – төрт ауданның орталық ауруханалары жаңа ғимараттармен толықпақ. Мұнда заманауи инсульт орталықтары, рентгенхирургия бөлімшелері бой көтеріп, МРТ, КТ және ангиографиялық аппараттар секілді ең соңғы үлгідегі қондырғылар орнатылады. Бұл – 300 мыңнан аса ауыл тұрғыны үшін

сапалы әрі жылдам мамандандырылған медициналық көмекке жол ашатын қадам. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоры да аймаққа айрықша демеу көрсетіп отыр. 10,1 миллиард теңгенің әлеуметтік жобаларының жартысына

жуығы – денсаулық сақтау саласына бағытталған. Жыл сайын жүздеген бала оңалтудан өтіп, орфандық және онкологиялық сырқаттарға шалдыққан жандар қымбат дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуде. Бір ғана мысал –

өткен жылы 26 онкогематологиялық наукасқа 466 миллион теңгеден астам қаржыға емдік препараттар берілген.

Сыр елі кейінгі жылдары балалар нейрохирургиясын, көз қабығын трансплантациялауды және

генетикалық диагностика саласын дамытуға да ден қойды. Отандық мамандар шетелде білімін жетілдіріп, өңірде бұрын-соңды жасалмаған күрделі оталарды жасауда сәтті нәтижелерге жетіп жүр. Айта кетерлігі, Қызылорда облысында ағымдағы жылдың жеті айында 66 адамға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілді. Бұл – ғылыми технологияларды, инновациялық диагностика мен емдеу әдістерін қолдана отырып, стационарлық жағдайда ұсынылатын ерекше қызмет түрі. Тіпті биыл алғаш рет Қызылордада бауыр трансплантациясы сәтті өткенін айту – бұл саланың биік белеске көтерілгенінің айқын дәлелі. Мұндай жоғары деңгейлі көмек түрлерін бүгінде көпбейінді облыстық аурухана көрсетіп келеді

Жаңақорғандағы оңалту орталығы, облыстық балалар ауруханасы жанынан ашылған Ерте араласу орталығы, алдағы уақытта Байқоңырда іске қосылатын жаңа емдеу мекемесі – мұның бәрі өңірдің медицинадағы келешегін жарқын етері анық.

«АЖ» ақпарат





Гүлжан ОРАЗАЛИЕВА, IT маман:

БҰЛ САЛАДА ОРНЫҢДЫ ТАБУ ҚИЫН ЕМЕС

Басы 1-бетте

– Қалай ойлайсыз, стартап сәтті болуы үшін не істеу қажет?

– Статистикаға сенсек, стартаптың 90%-ы нарыққа шықпай жатып сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан нарық пен тұтынушының сұранысын дұрыс бағалау өте маңызды. Бұл үшін HADI циклін қолдануға болады. Идеядан гипотеза құрасыз, тексересіз, әрекет етесіз, дерек жинап, әрі қарай қорытынды жасайсыз. Осы түйгеніңмен, білген-көргеніңмен келесі идеяны қолға аласыз. Ал мұндай циклдердің арасында шынымен де «жанып» кетуіңіз мүмкін. Сол үшін мақсатыңыз айқын болу қажет. Ал тәжірибе жаңа идеяларға негіз болады.

– Жұмыс барысында қандай қасиеттеріңіз көбірек көмектеседі?

– Қазір IT саласында табысты әйел маман мен эксперттердің көбеюі hard, soft дағдыларды тиімді үйлестірудің нәтижесі деп ойлаймын. Бұл салада дұрыс қарым-қатынас құру, икемділік, жұмысқа тез бейімделу мен көмек сұраудан қорықпау маңызды рөл атқарады. Міне, маған да осы дағдылар көмектеседі.

– Әйел маман ретінде Қазақстандағы IT нарықты қалай бағалайсыз? Ал аймақ деңгейінде, Қызылордадағы мүмкіндіктер мен

проблемаларға тоқталыңызшы.

– Бұл өте ауқымды тақырып. Статистикаға назар аударсақ, IT саладағы әйелдердің үлесі жылдан жылға артып келеді. Иә, бұл қуанатын жайт. Десе де нәзік жанның кәсіби мансабына, өсу жолына әсер ететін біршама фактордың да бар екенін білеміз. Олардың қатарында жұмыс пен жеке өмірдің арасындағы тепе-теңдікті сақтай алмаудан қорқыныш, мансап жолындағы үзілістер мен қоғамның қысымы бар.

Қуанышмызға орай, Қазақстанда IT Aiel секілді әйелдерді қолдайтын, кәсіпкерлікті дамытатын түрлі жоба бар. Бірақ менің ойымша, қыз баласына сыртқы қолдауға қарағанда, ең алдымен жақындарының қолдауы маңызды.

Өткенге көз тастасам, он жыл бұрын IT саласының «дауысы» өте әлсіз еді. Санаулы ғана адам қызығып, жұмыс істейтін. Көпшілігі математикасыз, мықты инженерлік қабілетсіз IT-де жетістікке жетуге сенбейтін. Кейбірі әлі күнге дейін бұл саланы фантастика ретінде көреді.

Ал қазіргі ахуал мүлде басқаша. Әр аймақтың дамуына зор көңіл бөлініп, өңірлік орталықтар жұмыс істейді. Сыр өңірінде Kyzylorda Hub бизнес-инкубаторы бар. Мұнда жас жігіттер мен қыздарға IT-ге оңай кіруге мүмкіндік қарастырылған. Қазір бұл салада орнынды табу қиын емес, бастысы – өзіңнің мықты тұсыңды

білу және нақты қай салада дамитыныңды анықтау.

Дегенмен өңірдегі ең үлкен шектеу – тілдік кедергі. Осыдан бес жыл бұрын берген сұхбатымда қазақ тіліндегі ақпараттың жетіспеушілігін айтқан едім. Қазір де қазақша контент аз.

– Қазір қандай технологиялық трендтерді жіті бақылап жүрсіз?

– Жасанды интеллектті жіті бақылауда ұстаймын, себебі оның қарқынды дамуы мені бір жағынан қуантса, бір жағынан қорқытады. Адамзат бір күні цифрлы әлемді бақылай алмай қалуы мүмкін. Ал қуантарлығы – бұл технологиялар жұмыс процесін айтарлықтай жеделдетеді. Дегенмен жасанды интеллект әлеміне толық сүнгімес бұрын, оның негіздерін жақсы меңгеру керек.

– Енді IT-ға бет бұруыңыз, қызығушылығыңыздың оянуы туралы тарқатсаңыз.

– Менің IT саласына қызығушылығым математикадан туған еді. 4 сыныптан бастап математикалық олимпиадаларға қатысып, 2008 жылы Атырау облысында 11 сынып оқушылары арасында өткен математикадан бірінші орын жеңіп алдым. Кейін физиканы терең оқып, КБТУ-дың ВТИПО мамандығына 2008-2012

жылдары оқып шықтым. Үшінші курсымда Суперкомпьютер департаментінде лаборант ретінде бір жыл қызмет атқардым. Төртінші курста дипломдық жұмысымды дайындап жүрген кезде Алматыда өткен Hackday байқауына қатыстым. Тек қыздардан жинаған командамыз 144 жобаның ішінен алға суырылып, 2-орын иеленген еді. Кейін жобаларымыз көбейіп, тәжірибе де арта бастады.

– Ал жеке өмір мен мансапты үйлестіру, баланс ұстау қиыншылықты оңай?

– Ашығын айтсам, келін, жар, ана, кәсіпкер, IT маман рөлдерін қатар алып жүру оңай емес. Энергия мен күш-қуатымды рухани тәжірибелер арқылы қалпына келтіремін. Аллаға тәуекел етемін. Себебі ол адамға көтере алатын сынақ береді деген сенім бар. Әрдайым «Неге осы істі жасап жатырмын?» деп өз ниетімді тексеремін. Сол кезде бәрі түсінікті болып, әрекет ету оңайырақ болады.

– Егер барлығын басынан бастауға мүмкіндік болса, қай жолды таңдар едіңіз?

– Еш ойланбастанан IT мамандығын қайта таңдар едім. Бірақ бұл жолы әлдеқайда саналы түрде, уақытты тиімді пайдаланып, ғылымның қыр-сырын терең меңгеруге ұмтылар едім.

– Жауабыңызға рақмет!

ҚОРЖЫНДА 3 АЛТЫН, 1 КҮМІС, 3 ҚОЛА

Болашақтың кілті – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Технология мен ғылымның шексіз әлемінде олар жанашылдықтың жалынын жағып, ұлт намысын биікке көтеріп келеді. Қазақстандық оқушылар да білімі мен талантын әлемдік аренада дәлелдеді. Бұл – жасанды интеллект пен инновацияға деген қызығушылықтың, қажырлы еңбектің жемісі.

Ерденев IOAI ұйымдастыру комитетінің мақтау қағазымен марапатталды.

Алтын медаль саны бойынша бейресми есепте Қазақстан 3 алтынмен Польша, Үндістан және Вьетнаммен екінші орынды бөлісті. Бірінші орынды Ресей командасы (6 алтын медаль) иеленді. Сонымен қатар үздік ондыққа Сингапур (2 алтын), Румыния, Жапония, Швеция және Гонконг-Қытай (әрқайсысы 1

оқушылардың жасанды интеллект пентехникалық білім саласындағы дайындық деңгейін көрсетті. Айта кетейік, Бейжіңдегі халықаралық байқауда 61 елден келген 77 команда бақ сынады.



Тамыз айының басында, нақтыласақ 2-9 тамыз күндері Бейжіңде мектеп оқушыларына арналған Халықаралық жасанды интеллект олимпиадасы өтті. IOAI 2025 байқауында қазақстандық оқушылар үздік нәтиже көрсетіп, елге 3 алтын, 1 күміс және 3 қола медаль сыйлады. Осылайша Қасымқан Жәнібек, Әбу Қанабек және Сұлтанби Исатай алтын медаль иегерлері атанса, күміс медальді Аушақман Тәлім жеңіп алды, ал қола медаль Тимур Шакуов, Дәужан Бекетов пен Сұлтанбек Сарыға бұйырды. Сондай-ақ Батыр

алтын) кірді. Бұл дода Digital Bridge форумы жыл сайын әлемдік IT-индустрия көшбасшыларын, технологиялық инноваторларды, инвесторларды, мемлекеттік органдар өкілдерін, венчурлік қорлар мен стартап-экожүйе қатысушыларын біріктіріп, цифрлық трансформацияның жаһандық трендтерін, жасанды интеллект дамуын және өңірлік технологиялық ынтымақтастықты талқылауға мүмкіндік береді.

Форум алғаш рет ұйымдастырылған күннен бастап, Digital Bridge Еуразия аймағындағы басты технологиялық шара ретінде танылды. Осы уақыт ішінде форумға 100-ден астам елден 67 000-нан астам қатысушы, 1000-нан астам спикер, 550 мемлекеттік және халықаралық ұйым өкілдері қатысқан. 500-ден астам стартап өз жобасын таныстырып, 500-ге жуық инвестор іскерлік бағдарламаларға атсалысты.

Биыл 2-4 қазан аралығында Астана қаласында Орталық Азиядағы цифрлық технологиялар, стартаптар мен жасанды интеллект саласындағы ең ірі халықаралық шара – Digital Bridge 2025 форумы өтеді. Форумды Astana Hub халықаралық инновациялық кластері мен ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігі бірлесіп ұйымдастырады.

DIGITAL BRIDGE 2025 ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Форумның стратегиялық мақсаты – Қазақстанды Еуропа мен Азияны байланыстыратын технологиялық хаб ретінде таныту және инновацияларды экспорттай алатын, жаһандық технологиялық өнімдер шығара алатын тұрақты цифрлық экожүйе қалыптастыру.

Digital Bridge 2025 форумының басты тақырыбы – Generative Nation тұжырымдамасы. Бұл – озық технологиялар, жасанды интеллект және адами капиталға негізделген білім қоғамын құруға бағытталған елдің стратегиялық бағдары. Generative Nation – Қазақстанның технологияны тұтырудан оны жасауға және халықаралық нарыққа шығарып, ауқымдауға көшуін білдіреді. Форум аясында әлемдік AI-индустрия көшбасшыларының қатысуы, Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының ашылуы, Generative Nation Pitch байқауының финалы, Astana Hub Battle стартап сайысы, Startup Alley технологиялық шешімдер көрмесі, цифрлық технологиялар саласындағы жетістіктері үшін Digital Bridge Awards премиясының жеңімпаздарының марапатталуы, панельдік сессиялар, интерактивті аймақтар және deep tech-пикиргаластар өткізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар 29 қыркүйек пен 4 қазан аралығында AI WEEK жасанды интеллект саласындағы білім, ғылым, инвестиция және мемлекеттік саясат түйіскен іс-шаралар апталығы өтеді. Бұл – форумның ажырамас бөлігі және университеттер, зерттеу орталықтары,

венчурлік қорлар, стартаптар, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік құрылым өкілдерін бір алаңға жинайды. Апта барысында AI және Data Science саласындағы әлемдік және қазақстандық сарапшылардан мастер-кластар, университеттерде ашық дәрістер, deep tech-сессиялар, воркшоптар, AI meetup-тар, Generative Nation Pitch байқауының мектеп оқушылары, студенттер мен жас ғалымдарға арналған жартылай финалы және мәдени іс-шаралар өтеді. AI Week мақсаты – жастарды, стартаптарды және ғылыми қауымдастықты технологиялардың дамуына белсенді тарту және жаңа буын AI көшбасшыларын қалыптастыруға ашық орта құру.

Форум аясында Digital Bridge Awards 2025 марапаты да табысталады. Бұл – Қазақстанда және шетелдерде IT-саланы дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін берілетін жоғары

марапат. Биыл марапат 8 номинация бойынша табысталады. Үш күн ішінде форум алаңында ондаған панельдік пікірталас, презентациялар, кездесулер, питчтер мен воркшоптар өтеді. Бұл мемлекет, технологиялық бизнес, ғылыми қауымдастық және жастар бастамалары арасындағы диалогты дамытуға арналған бірегей мүмкіндік.



Бетті әзірлеген Әлия ТӨЖІБАЙ



Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында білім беру жүйесі жетекші рөл атқарады. Білім саласының мамандары жұмыс жоспарына сәйкес мақсат-міндетін айқындап, оны жүзеге асырумен ерекшеленеді. «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар, қалан» деп Абай атамыз айтқандай, білім беріп, тәрбиелеген шәкірттер өмірден өз орнын тауып, биік белестерден көрініп жатса, бұл – ұстаз үмігі ақталып, еңбегінің қайтқаны. Тәуірбек Алишарипов алдына осындай мақсат қойып, талай шәкірттің шамшырағын жақты. Бүгінде салауатты ұрпақ тәрбиелеуде тынымсыз еңбек еткен ұлағатты ұстазды спортсүйер қауым жақсы біледі.

Ол 1955 жылы 18 тамызда Дәуімбай елді мекенінде дүниеге келген. Аудандағы №123, №202 мектептерінде білім алған. Жастайынан спортқа бейім Тәуірбек 8 жасынан бастап еркін күрес үйірмесіне қатысқан. Спортпен шыңдалған жас жігіт еркін күрестен жарыстарға қатысып, бірнеше рет жеңіске жетті. ҚР спорт мектептері арасында жүлделі орындарды жеңіп алып, 1973 жылы Қазақстан жасөспірімдер спорт мектептері арасында еркін күрестен ел чемпионы болды.

Ұлағатты ұстаз 1973–1975 жылдары Отан алдындағы борышын өтеді. Қайда жүрсе де спорттан қол үзбеді, Қарулы Күштер арасында еркін күрестен Орта Азиялық әскери күштер округінің жеңімпазы атанды.

Арман адамды алға жетелейді. Елге оралған соң ол білімділікті, мейірімділікті қажет ететін мұғалімдік мамандықты таңдады. Ұстаз – тұлғаны тәрбиелеп қалыптастырудың бағбаны. Жас ұрпақты арман жолына жетелейтін білімнің қия шыңына көтеріліп, жүректің батырлығын,

сезімнің ақылдығын, мінездің жайлылығын, адам бойындағы асыл қасиеттердің жиынтығын қалыптастыратын ұлы қасиетке ие ұлағатты ұстаз болуды армандады. 1979 жылы Тәжікстандағы мемлекеттік дене шынықтыру институтына оқуға түсіп, түрлі жарыстарға қатысқан ол еркін күрестен ел чемпионы болды. Сөйтіп Бүкілодақтық спорт жарыстарында жамбасы жерге тимей, жүлделі орындарды иеленген жеңімпаз жігіт еркін күрестен спорт шебері атағын қорғап шықты. Тәжік мемлекеттік дене шынықтыру институтын бітірген ол Жалағаш аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде еркін күрестен жаттықтырушы болып еңбек жолын бастады. Аталған мектептің оқу ісінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып, әріптестері арасында құрметке бөленді.

Тәуірбек – спорттың еркін күрес түрінен жоғары дәрежелі жаттықтырушы. Оның жетекшілігімен аудан, облыс, республикалық жарыстардың жеңімпаздары, спорт шеберлері мен спорт шеберлігінен үміткер жүзден астам дәрежелі спортшы дайындалды. Қазір шәкірттерінің көпшілігі спорт саласында қызмет етіп жүр. Солардың ішінде ел намысын қорғаған жеңімпаз палуандар С.Дүйсеменов, Қ.Өлментаев, Д.Әуесбаев, А.Сүндетбаев, М.Әлайдаров секілді шәкірттерімен мақтанады.

Ол Жалағаш аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы қызметінде жүріп ауыл спортын дамытуға атсалысты. Кент орталығында, ауылдарда спорт алаңдарын, сауықтыру орындарының салынуына себепші болды, қазақша күрес, тоғызқұмалақ секілді ұлттық спорт ойындарын дамытуға үлес қосты. Жыл сайын аудандық «Алтын күз» спортакиадасында ұлттық спорт ойындарын, қыс маусымында балық аулау жарыстарын өткізу оның ұйымдастырушылық қабілетін, кәсіби шеберлігін көрсетсе керек.

Алматыға қоныс аударған Тәуірбек Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәнінің аға оқытушысы, бірлестік жетекшісі қызметін атқарды. Оқушылар тақырыпты сапалы меңгеру үшін семинарлық сабақтарды, түрлі интерактивті әдістер мен технологияларды қолданды. Сабаққа қатысушылар экран арқылы спорт түрлерінің жаттығулар көрді. Олардың әдістемелерін қолдану іскерліктерін меңгерді. Мектеп-гимназия аудандық, қалааралық жарыстарда жақсы нәтиже көрсетті. Мектепте спорттың он екі түрінен мектепшілік спортакиада жыл сайын өткізіліп тұрды. Сонымен қатар «Алматы қыз-ғалдақтары», «Алтын күз», «Сымбат», «Баскетболдан директор кубогі», «Президенттік сынақ» атты спорттық

іс-шаралармен бірге футбол, волейбол, стол теннисі, шахмат, дойбы, мылтық ату жарыстары өтті. Мектеп-гимназияның ұстаздары арасында үлгілі ұстаздар құрметіне спорттың 8 түрінен жарыс ұйымдастырылды. Сөйтіп білікті маман, ұлағатты ұстаз Алматы қаласы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасында әдістемелік әзірлемелер бағытында да 1 орын алды.

– Ұлттың жаны таза, санасы сау болуы тиіс. Ол үшін алдымен спортпен шұғылдану керек. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет. Бұқаралық спорт дамыған жерде ел абыройы асқақтай бермек, – дейді Тәуірбек Мырзаханұлы бізбен әңгімесінде.

Ол 2014 жылдан бері қоғамдық негізде «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің Алматы облысы бойынша өкілетті директоры болып қызмет атқарады. Білім және спорт саласындағы жеткен жетістіктері үшін Т.Алишарипов Бүкілодақтық кәсіподақтары спорт қоғамының, ҚР Ғылым министрлігінің, «Дене тәрбиесі» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің төсбелгілерімен марапатталған. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен «Құрметті спорт қызметкері», күрестен спорт шебері, ҚР білім қызметкерлерінің «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері.


Аға жаттықтырушы, ардагер ұстаз, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген үлкен шаңырақтың тірегі десе де болады. Жұбайы Нарбу Бадашқызы – жоғары білімді инженер-технолог. Ұзақ жыл Жалағаш аудандық тұрмыстық қызмет көрсету орталығында қызмет көрсетті. Балалары да жоғары оқу орындарын тәмәмдап, өмірден өз орнын тауып, әр салада қызмет етеді. Үлкен ұлы Мақсұт – суретші әрі зангер. Қуанышы – құқық қорғау саласында жеке сот орындаушысы. Айғанымы – мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі. Айбек Алматы қаласы әкімшілігінде қызмет атқарады. «Алма ағашынан алысқа түспейді» дегген осы шығар, сірә. Бүгінде Тәкеңнің балалары да елдің ертеніне қажырлы еңбек етуде.

Қазір Тәуірбек – Алматы спорт қоғамында дене мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт клубында тоғызқұмалақ, асық ату спорт түрлерінен жаттықтырушы. Өзінің ұйымдастыруымен тоғыз-құмалақ үйірмесі ашылды. Аға жаттықтырушының

ізденісі мен еңбегі еш кетпеді. Тоғызқұмалақ үйірмесінің мүшелері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар ҚР чемпионатына қатысып, бірнеше рет жүлдемен оралды. Солардың қатарында тоғызқұмалақ ойынынан спорт шебері Қ.Қалқасев, Г.Шайкамзинова республикалық жарыстарға қатысып, ел намысын қорғап жүр.

Бір сөзбен айтқанда, құрметті спорт қызметкері Т.Алишарипов – өзінің білімімен, жұмыстағы кәсіби шеберлігімен, жақсы қасиеттерімен құрметке бөленген жан. Спорт саласында қырық жылға жуық қызмет етіп, ғұмырын спортқа арнаған ардагер жастар мен жасөспірімдерді тәрбиелеп, денсаулығын нығайтуға, бұқаралық спортты дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға әлі де еңбек етуде.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер журналист



Еліміздің Ата Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданды. Міне, Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 30 жыл толып отыр.

КОНСТИТУЦИЯ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Мемлекетімізді демократиялық, зайырлы және құқықтық ел ретінде айқындайтын басты құжаты саналатын Конституция – барлық құжаттардың бастауы. Қандай мемлекеттік орган, мекеме, ұйым болсын өз қызметінде Конституцияны басшылыққа алатыны анық.

Бас құжаттың жаңғыруы ел азаматтарының жеке бас құқығынан бастап мемлекеттің саяси басқару жүйесіне дейінгі тармақты қамтиды.

Алдағы уақытта да Ата Заңымыздың мақсаты – еліміздің әлеуметтік жағдайын көтеретін әрі азаматтардың қазіргі заманға сай өмір сүруіне барлық жағдайды жасайтын, мемлекеттің өркениетті елдер қатарында болу жолындағы қадамымызды реттейтін бағдаршам болмақ. Конституцияда елдің әрбір азаматының, ұлттар мен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсат-міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қоғамдық өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары өте маңызды болып саналады.

Жаңа Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік даму бағыттарын анықтап берген еді. Конституцияның аясында ел игілігі үшін көптеген жұмыс атқарылды.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі жарияланғаннан бастап еліміздің сыртқы саяси стратегиясын бекітіліп, әлемдегі қаншама мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас орнады.

Әрбір азаматтың заңмен белгіленген құқықтарын білу қажеттігі – қазіргі заман талабы. Халқы заңын сыйлайтын, құқық қорғау органына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Конституциямыз қабылданған күннен бастап барлық салада үлкен жетістіктерге жетіп, іргелі елге айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанды құрудағы нақты әрі әділ қадамдарды жүзеге асыру үшін халықтың ауызбірлігі, ынтымағы аса қажет екендігін атап айтқан болатын.

Жаңарған мемлекет Конституциясы негізінде жаңа Қазақстанды құру – бүкіл Қазақстан халқының ортақ міндеті. Сондықтан ендігі кезеңде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлігімізді сақтай отырып, ынтымақ пен қажырлы еңбектің арқасында экономикасы дамыған, әлеуеті өркендеген жаңа Қазақстанды бірге құруға атсалысайық.

Ақтолық ТАБИҒАТОВА,
Шиелі аудандық сотының бас маманы

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ТЕПЕ-ТЕҢДІККЕ ҮЙРЕТЕДІ

2025 жылы Қызылордада үстел теннисі орталығы заман талабына сай жаңарып, спорт саласында елеулі серпін алды. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа ғимарат өткен жылы ресми түрде ашылып, биыл толығымен пайдалануға берілді десек, бұл өмірдегі спорт инфрақұрылымының маңызды белесі.



Қазір үстел теннисі Қызылордада тек спорт түрі ғана емес, рухани және әлеуметтік дамудың маңызды факторына айналды. Жаңа орталық – балалар мен жастардың денсаулығын нығайтатын, ой-өрісін қалыптастыратын әсерлі алаң.

Үстел теннисі – денені сергітіп қана қоймай, ойлар мен сезімдерді де шыңдайтын ерекше спорт. Доптың жылдамдығын болжау мен соққының нақтылығы көз, ақыл, қол үйлесімін, реакция мен ойлау қабілетін белсенді дамытады. Жеңіл қарқынмен жүретін бұл ойын жүрек-қан тамырлары мен жалпы физикалық дайындығын жақсартып, стресті азайтуға ықпал етеді.

«Денсаулық – зор байлық» дейді дана халқымыз. Ал сол байлықты сақтаудың бір жолы – спорт. Әр спорт түрінің өзіндік ерекшелігі бар, бірақ үстел теннисі – жүрек пен ойды, дене мен рухты қатар тәрбиелейтін ерекше өнер десек, қателеспейміз.

Шағын ғана үстел үстінде зуылдап жүретін доп ойыншыдан найзағайдай жылдамдықты, қырандай қырағылықты талап етеді. Бір сәтке ойын бөлінесе, қарсыластың соққысы сенің әлсіз тұсыңнан табылады. Сол себепті үстел теннисі реакцияны ғана емес, зейінді, табандылықты дамытады.

Бұл ойын бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, ағзаны толық жаттықтыратын аэробтық жүктеме. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылы, бел мен арқа бұлшық еттерінің серпіні, жүрек пен өкпенің жұмысын жақсартуы – мұның бәрі үстел теннисінің денсаулыққа қосқан үлесі. Дәрігерлер мұндай жаттығулар қан айналымын жақсартып, гипертония мен артық салмақтың алдын алатынын айтады.

Атақты спортшылардың бірі: «Үстел теннисінде тек

ракеткамен емес, ойыңмен ұтасың» деген екен. Шынында да, бұл спорт – стратегия мен тактиканың күресі. Әр допка берілетін жауап – ойдың жылдамдығы мен шешім қабылдау қабілетінің айнасы. Ал жарыс кезінде жеңіліс те, жеңіс те бар. Екеуін де сабырмен қабылдау – өмір мектебінің бір сабағы.

Үстел теннисі – жас пен көріні біріктіретін спорт. Әке мен бала, ұстаз бен шәкірт, дос пен әріптес – бәрі бір үстелде бәсекелесіп, бір уақытта көңіл көтеріп, денсаулығын нығайта алады. Бұл тек ойын емес, адамдар арасындағы байланыс пен достықты арттыратын құрал.

Кішкентай ғана доптың артында үлкен күш жатыр. Ол – сергектік, табандылық, денсаулық пен мықты ойдың күші. Үстел теннисін өмірінің бір бөлігіне айналдырсаң, сен тек спортшы ғана емес, шыдамды, зейінді, мықты жан боласың. Өйткені спорт – дененің ғана емес, жанның да тәрбиесі.

Қаламызға көрік беріп тұрған ғимараттың аумағы – 3 651,9 м² құрайды. Мұнда 16 үстел теннисіне арналған алаң, 350 көрермен сыйымдылығы бар трибуна, арнайы дене дайындық жаттығу залдары, душ және киім ауыстыратын бөлмелер бар. Ал қала халқы үшін жұмыс істеп тұрған нысанда 5 кәсіби жаттықтырушы жұмыс істейді. Олар 14 оқу тобында 220-дан астам жасөспірімге тәлім беруде.

Маңызды ақпарат! Үстел теннисіне қызығушылығы бар жасөспірімдер үшін ғимарат күніне (5-14 жас) 09:00-19:00 аралығында тегін жаттығу өткізеді. Сондай-ақ кешкілік келетін ересектер 19:00 мен 23:00 уақыт аралығында ақылы түрде спортпен шұғылдана алады. Жалдау құны – сағатына 2000 теңге.

Сіздерге теннис орталығының есігі әрдайым ашық! Спортпен шұғылданыңыз!

Жәнібек ОҢТАЛАП,

«Теннис спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» КММ-нің әдіскері



«ТАҢДАУ ПАРАДОКСЫ»

«ТАҢДАУ ПАРАДОКСЫНЫҢ» ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛМАҒЫ

Күн сайын сансыз мүмкіндікке тап боламыз. Қарапайым дүкенге кіргеннен бастап, интернеттегі ұсыныстарға дейін бәрі бізге таңдау еркіндігін береді. Қарасаң, нағыз бақыт сияқты, қалағаныңды ал, ұнағаныңды таңда деген жаңғырық дыбыс болып естілмесе де, санаға сәуле себеді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, опция көп болған сайын шешім қабылдау жеңілдемек емес, керісінше қиындайды. Психологтардың тілімен айтқанда, бұл – таңдаудың артықтығынан туатын парадокс. Ми бір мезетте шектеулі көлемдегі ақпаратты ғана өңдей алады. Екі-үш түрлі шалбар тұрған сәтте шешім тез табылады. Ал бір қатарға тізілген жүздеген модельді салыстыра бастағанда сана ауыр жүк көтергендей шаршайды. Ақпаратты сүзу, әр детальды сараптау көп уақыт алады. Көз де, ми да қажиды. Соның салдарынан адам кейде мүлдем шешім қабылдамай шығып кетеді немесе ойланбай, бірін ала салады. Осыдан кеп, шексіз таңдау адам баласы үшін ауыр жүк ғана емес, өзіндік шешімдеріне де әсер ететінін түсінеміз. Өйткені тағы бір маңызды фактор – қателесуден қорқу пайда болады. Опция көбейген сайын таңдауда қате жіберемін деген үрей күшейіп, әсіресе өмірлік маңызы бар шешімдерде, яғни, мамандық таңдау, жұмыс ауыстыру, үй сатып алу сынды санаға салмақ түсіретін дүниелер де сізді сан соқтыруы мүмкін.

Психолог Барри Шварц айтқандай, тіпті жақсы шешім қабылдаған күннің өзінде адам санасында басқа нұсқалардың жақсы жақтары қалып қояды. Соның әсерінен «одан да басқасын алсам қайтеді» деген ой мазаны қашырады. Мүмкіндіктің көптігі үмітті де арттыратынын ұмытпаған жөн. Таңдау молайған сайын ең мінсіз нұсқаны табатынымызға сенеміз. Интернеттен зат аларда пікірлерді, рейтингілерді ақтарып, кемшілігі жоқ өнім іздейміз. Бірақ өмірде мінсіз дүние сирек кездеседі. Нәтиже күткенімізге сай келмегенде көңіл суйды, өкініш күшейеді. Салыстыру шаршауы да осындай жағдайда жиі байқалады. Бір-біріне ұқсас он шақты нұсқаның арасынан ең жақсысын іздеп ұзақ уақыт сарп еткен соң, ми «шаршадым» деп белгі береді. Ақырында адам мүлдем шешім қабылдамай кетуі мүмкін. Таңдауы шектеулі ортада қателікке сыртқы жағдайды кінәлауға болады. Ал таңдау шексіз болғанда жауапкершілік тек өз мойнында. Сәтсіздікке ұрынған сәтте кінәні тек өзінен іздеу ішкі қысымды күшейтеді. Бұл ұзаққа созылса, тіпті психологиялық күйзеліске әкелуі мүмкін. Психологтар осындай теорема шығарған.

Мұндай механизмнің барлығы қазіргі жастардың өмірінде үздіксіз болып жатыр. Мамандық таңдау, жоғары оқу орнына түсу, жұмысқа орналасу, тіпті бос уақытты өткізу тәсілін анықтау да бәрі жүздеген нұсқа мен мыңдаған ұсыныстың арасынан жасалады. Бір қарағанда шексіз мүмкіндік сияқты көрінгенімен, іс жүзінде ол еркіндік емес, психологиялық сынаққа айналып отырғанын байқаймыз. Бұл туралы педагог-психолог Айдана Медетбекқызы айтып өтті.

– Жастар арасында таңдау парадоксы ең жиі байқалатын кезең – кәсіби бағытты айқындау уақыты. Мектеп бітірер шақта түлектер жүздеген оқу орнының, мыңдаған мамандықтың тізімін алдына жайып қояды. Әрқайсысы өздігінше тартымды көрінгенімен, нақты шешімге келу процесі ұзаққа созылып кетеді. Өткен жылы жүргізілген сауалнамада 11 сынып оқушыларының 38%-ы мамандық таңдауды әлі нақтылай алмай жүргенін мойындаған. Себебі – ақпараттың тым көптігі мен оның бәрін бір мезетте салыстыруға тырысудан туындаған когнитивтік шаршау. Мысал ретінде бір оқушының жағдайын айтайын. Ол бір уақытта медицина, IT және дизайн саласына қызығып жүрді.

ДҰРЫС ШЕШІМГЕ ӘСЕР ЕТЕ МЕ?



Әр бағыт бойынша таныстарынан кеңес алып, интернеттен ақпарат іздеп, ашық есік күндеріне қатысып, нәтижесінде шатастып қалды. Басында «көп ізденсем, дұрыс шешім қабылдаймын» деп ойлады, бірақ бірнеше ай өткенде ол керісінше, қателесіп қоямын деген қорқыныштың күшейгенін байқады. Ақырында уақыт аз қалған кезде, ата-анасының қалауын таңдап, медицинаға баратын болды. Бір жылдан соң басқа саланы таңдау туралы ойлай бастады.

Психологиялық тұрғыда адамға белгілі бір шектеу мен құрылым қажет. Қалаған нұсқаны таңдауға мүмкіндік беру маңызды, бірақ опцияларды сұрыптап, нақты мақсатқа жакын баламалармен ғана жұмыс істегенде шешім қабылдау жеңілдейді. Кәсіби бағдар беруде біз дәл осы әдісті қолданамыз, оқушыға жүздеген мамандықты бірден тізіп бермейміз, алдымен оның қызығушылығы мен қабілетіне сай 3-4 бағыт ұсынамыз. Осылайша таңдау парадоксының салдарын азайтуға болады, – деді психолог.

«ШЕКСІЗ ОПЦИЯЛАР БУЫНЫ» ШЕШІМ ШЫҒАРА АЛА МА?

Қазіргі жастар – мүмкіндігі де, таңдауы да бұрынғы буыннан әлдеқайда көп ұрпақ. Бүгінгі 18-30 жас аралығындағы адамдарды кейде «шексіз опциялар буыны» деп атайды. Ғалымдар Арнетт сипаттаған «ересек болмау кезеңі» осы заман жастарына тән құбылыс екенін айтады. Бұрынғы ұрпақ 20 жасқа тақағанда тұрақты жұмысқа орналасып, отбасы құрып үлгерсе, қазіргі көптеген жас оқуын жалғастырып, не түрлі салаларды байқап көріп, өмір жолын таңдауын кешіктіріп жатады. Оның бір себебі – айналасында таңдаудың көбейгендігі.

Мысалы, посткеңестік кеңістіктегі бірінші буын еркін нарық, ашық қоғам жағдайында өсті. Чехия зерттеушілері жүргізген 5 жылдық зерттеу нәтижесі бойынша, бұл буын «шексіз» мүмкіндіктерге ие алғашқы ұрпақ және сондықтан шешім қабылдауда қиналып, жауапкершіліксіздікке ұрынатын

секілді көрінеді.

«Бұрын болмаған көп мүмкіндік жастарды сенімсіздік пен айыржу күйіне түсіреді де, бір таңдауға тоқталу қиынға соғады» дейді Масарик университетінің профессоры, психолог Петр Машек. Ол сондықтан жастардың қарьеры бастап, үйленуіне бұрынғыдан көп уақыт керек, олар ұзақ таңдауға мәжбүрлі деп түсіндіреді. Расында да, қазіргі көп жас 25-30-ға келгенде де өмірлік жар, тұрақты жұмыс сияқты ұзақ мерзімдік міндеттемелерден қашқақтайды, өйткені әр шешімнің «дұрыстығына» толық көз жеткізгісі келеді. Жастар арасында таңдау парадоксы әсіресе мынадай үш-төрт салада айқын көрінеді. Олардың қатарында, білім және мамандық таңдау, қарьеры жолы, жеке өмір және жалпы өмір салтына қатысты ұстанымдар бар.

Халықаралық ұйымдар мен жергілікті зерттеу орталықтары жинаған деректер жастардың да, жалпы қоғамның да шешім қабылдау үрдісіндегі өзгерістерді көрсетеді. Төменде бірнеше маңызды статистика мен факт ұсындық.

БҰҰ жанындағы Халықаралық еңбек ұйымының (ILO) мәліметінше, дүниежүзінде 73 миллион жас жұмыссыз жүр әрі ер бесінші жас не оқымайды, не жұмыс істемейді. Бұл цифрлар жастар арасында болашаққа қатысты шешім шығарудың тым аз екенін бір көрсеткіші. Яғни айтарлықтай бөлігінің еңбек нарығына кірігуі кешеуілдеп жатыр. Бұған бір себеп, жоғарыда айтылғандай, «алғашқы жұмысқа орналасу» кезеңіндегі таңдаудың қиындығы. Қазақстанда жастардың жұмыссыздық деңгейі ресми тұрғыда 3-4% айналасында дегенмен, әрбір 10 жастың 1-еуі (шамамен 7-8%-ы) NEET қатарына жатады, яғни білім алмайды да, жұмыс та істемейді. Мұндай жастардың бір бөлігі шын мәнінде жұмыс іздеп жүрсе, қалғаны әлі өзінің өмірлік бағытын таба алмай, ойланyp, шешім қабылдай алмай жүргендер болуы ықтимал.

Жоғарыда таңдаудың көп болуы шешімдерді тез өзгертетінін айттық. Бұл АҚШ университеттерінде де бар екен. Ондағы студенттердің 80%-ы

мамандығын ауыстырады. Сондай-ақ зерттеулер көрсеткендей, бірінші курсқа түсушілердің 20-50%-ы мамандық таңдауда анық шешімге келмегенді-ді. Ал Қазақстанда білім саласындағы ұлттық баяндамаларға сүйенсек, талапкерлер мамандық таңдауда көбіне еңбек нарығындағы конъюнктураны емес, өзінің және ата-анасының беделді, танымал санаған мамандықтарына ұмтылады. 2022 жылғы жастардың ұлттық баяндамасында қазақстандық жастардың басым бөлігі экономист, заңгер, IT маманы сияқты кең танылған салаларды таңдауға бейім екені аталған. Бұл да белгілі дәрежеде қоғамдағы ақпараттық бағдардың әсерінен таңдау жасау үрдісін байқатады. Яғни нақты икемі мен нарық сұранысына емес, қоғамда көбі таңдайтын мамандықтарға бет бұру басым. Алайда кейінгі жылдары заңгер, экономист дипломын алған жүздеген түлек өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай, мүлде басқа салаға кетіп жатыр. Статистика бойынша Қазақстанда жоғары білім алған жастардың 20-30%-ы ғана өз мамандығына сәйкес жұмыс табады, қалғандары басқа салада істейді немесе жұмыссыз жүреді.

САЛА САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЫ ҚАЛАЙ?

Таңдау парадоксы мәселесін түрлі сала мамандары зерттеп, өз көзқарастарын білдіріп келеді. Таңдау парадоксы терминінің авторы психолог Барри Шварц жастар арасында да, жалпы қоғамда да бұл құбылыстың зиянды әсеріне алаңдайды.

– Таңдаудың шектен тыс көп болуы екі үлкен проблеманы тудырады. Алғашқысы шешім қабылдауды қиындатады, ал екіншісі қабылданған шешімнің сапасын сезінуді төмендетеді. Мысалы, 2000 түрлі шалбардың ішінен біреуін таңдауға тырысқанда, әрқайсысының майда айырмашылығын анықтау үшін қаншама уақытын кетеді, ақыры шаршайсын. Шешім қабылдап, біреуін сатып алған соң, көңілінде қалған барлық таңдамаған

джинсылардың жақсы қасиеттері ұнаған киіміңнен алынған ләззаттың біраз бөлігін алып қояды. Тым көп таңдау адамның таңдау қабілетін параличке ұшыратады, тіпті мүлдем шешім шықпай қалуы мүмкін. Ал бір шешім қабылдағанда, қаптаған баламалардың ішінен бас тартқандарының бар жақсы қасиеті таңдап алған біреуіңнің берер рахатын кемітіп, өз таңдауыңа разы болмай шығасың, – дейді Барри Шварц.

Ал педагог-психолог Айдана Медетбекқызы таңдау парадоксы жасөспірімдерде алғашқы күйзелісті тудыратынын айтты.

– Таңдау парадоксындағы ең маңызды әсері жасөспірімнің мамандық таңдаудағы күйзелісі. Бірнеше жыл бұрын менің алған тәжірибемде мектеп түлектерінің бірі 30-дан астам оқу орны туралы материал жинап, өзінен-өзі шаршап қалды. Ақылы колледж, техникалық институт, шығармашылық бағыт барлығы тартымды көрінгенмен, нақты таңдау жасауда қиналды. Бірнеше апта бойы ақпаратты салыстырып шаршап, соңғы сәтте ата-анасының ұсынғанды таңдады. Бірақ оның жүрегінде «дұрыс шешім бе екен?» деген сұрақ сол күйі қалды. Мұндай кезде оқушыларға мақсаттарына сай нақты критерийлерді іріктеу, шағын топтағы мүмкіндіктермен жүру, тәуекелді басқару маңызды, – деді ол.

Қазақстандағы ювенология және жастар социологиясының жетекші маманы, профессор Александр Николаевич, әлеуметтік таңдау процесіне шынайы қоғамдық контекст тұрғысынан қарап, былай деп пікір білдірді.

– Заманауи жастарымыз көп жағдайда шешім қабылдау процесінде әлеуметтік ауа-райын өтей алмайды. Мысалы, жоғары оқу орнына түсу кезінде отбасылық, этностық, медиа ықпалдардың көпшілігі олардың таңдауының шынайылық дәйектілігін әлсіретеді. Өз зерттеуімде жастардың өз бетімен шешім қабылдаудағы қиындықтары олардың танымдық емес, әлеуметтік-мәдени құрылымға байланғанын анықтадым. Яғни, таңдаудың көптігі тек жеке психологияны емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілікті, қоғамның қалыптастырған нормаларын сезінуді күшейтеді. Сондықтан таңдау парадоксын тек жеке деңгейде емес, социологиялық контекстте де түсініп, жастарға әлеуметтік бағдар ұсыну маңызды, – деді ол.

Тілші түйіні. Таңдау парадоксын әлеуметті сынақ деп ата-сақта болады. Еркіндіктің шексіз нұсқалары кейде бізді шынымен бұған тастайды, қайта шешім қабылдау қабілетімізді әлсіретіп, қанағат сезімімізді төмендетеді. Қазіргі заманда білім алу, мамандық таңдау, жұмысқа орналасу, тіпті жеке өмірге қатысты ұстанымдардың бәрі жүздеген, мыңдаған баламаның арасынан іріктелетіндіктен, бұл тақырыпқа арнайы шолу жасауды жөн көрдік. Бұл бір жағынан мүмкіндік болса, екінші жағынан жауапкершілік жүгін арттырады. Сондықтан жастар мен жалпы қоғам үшін ең маңыздысы, шексіз опцияның ішінде аласпай, өз құндылықтары мен нақты мақсаттарына сүйеніп шешім қабылдау. Таңдау шеңберін қысқарту, ең маңыздыларын іріктеп алу, тәуекел мен қанағатшылдықты қатар ұстану психологиялық қысымды азайтып, өмір сапасын арттыратын дағды. Еркіндікті тек таңдаудың көптігімен емес, сол таңдаулардың саналы, мақсатқа сай болуымен өлшеуіміз керек. Сонда ғана біз еркіндіктің шынайы ләззатын сезініп, қабылдаған шешімдеріміз үшін өкінбейтін буынға айналамыз.

Е.СӨРСЕНУЛЫ,
журналист



ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТАР КЕШІ ӨТТІ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Бұл күн – арман мен жігер тоғысқан, болашаққа қадам басқан жас буынның мерейлі сәті. Осы мерекеге орай Қызылорда қаласының қак төрінде, «Достық үйі» алдындағы кең алаңда «ЖАСТАРМЕН БІРГЕ!» атты ашық аспан астындағы гала-концерт өтті. Кешке қала жастары ғана емес, алыс-жақыннан келген қонақтар да жиналып, өңір жастарының өнерін тамашалады.

Аспандағы жұлдыздай жарқыраған жастардың жүзінде қуаныш пен шабыттың ізі керемет кеште анық байқалды десек артық айтқандық емес.

– Жастар – қашанда асқақ арман мен үміттің, өр рух пен намыстың символы. Елдің ең басты қазынасы – халқы болса, соның алдыңғы сапында тұрған, ертеңін қалыптастыратын – сіздер. Сіздердің ойларыңыз бен істеріңіз елдің болашағына әсер етеді, – деді Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет.

Кештің мәдени бағдарламасы – нағыз жастық пен креативтің тоғысы болды. Жергілікті өнерпаздар Жарасхан Төлебай, DJ Jako, Ах-аллек, Ескара сахнаға көтеріліп, жұртшылықты әуен мен ырғақтың әлеміне жетеледі. Ән мен



би, эмоция мен шабыт бір арнада тоғысып, әр тыңдарманның жүрегіне қуаныш сыйлады. Шараны жүргізген Әліби Басаров пен Нұрлан Сипанов интерактивті ойындар, жылы әзілдер арқылы көрерменмен байланыс орнатып, кештің шырайын кіргізді.

Жастар күніне орай ұйымдастырылған концерттің басты хедлайнері – «6ELLUC-SI» тобы болды. Олардың отты әуендері мен сахналық энергетикасы жиналған қауымның рухын көтеріп, алаңды нағыз мерекелік аренаға айналдырды.

Бұл мерекенің ең маңызды ерекшелігі – сахнада өнер көрсеткен тұлғалардың барлығы Сыр өңірінің жас таланттары. Олар бүгінде тек туған өңірінде ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінде танылып үлгерген мақтаныштарымыз. Осындай кештер өнерге қадам басқан жасөспірімдерге шабыт беріп, олардың да арманын биікке жетелейді.

Жастар – елдің ең басты үміті, ертеңгі күннің айнасы. Олардың бойындағы шексіз энергия, жаңашыл ой, батыл қадамдар – қоғамның дамуы мен өркендеуінің кепілі. Әрбір жас – болашаққа ашылған жаңа мүмкіндіктің, тың идея мен асқақ арманның иесі. Сондықтан жастардың рухын көтеріп, білім мен өнер жолында демеп, олардың талантын жарқырата білу – әрбіріміздің ортақ міндетіміз. Жастықтың жалын оты сөнбесін, арманның асқар тауы аласармасын! Мереке құтты болсын!

«АЖ» ақпарат

ЖЕТІ АТАДАН ЖАЛҒАСҚАН ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР

Қазақ зергерлік өнері – ғасырлар қойнауынан жеткен асыл қазына. Әрбір бұйым тек сәндік әшекей емес, несінің болмысын, тектілігін, тарихын айшықтайтын бірегей мұра. Қолөнердің бұл саласы – шыдамдылық пен шеберліктің, талғам мен тағылымның тоғысқан тұсы.



Осындай қасиетті өнерді жеті атадан бері жалғастырып келе жатқан әулет өкілі, «Өмір» зергерлік шеберханасының негізін қалаушы Төлеген Өтепқалиұлымен ұлттық нақыш, әулеттік дәстүр және зергерлік өнердің болашағы жөнінде сұхбаттасудың сәті түсті.



– Қазақтың зергерлік өнері – тарихы терең, мәні мен мағынасы мол қазына. Сіз зергерлік өнерді қай кезден бастап қолға алдыңыз? Бұл салаға келуге не түрткі болды?

– Зергерлік өнер мен үшін жай кәсіп емес, бұл – қанымызға сіңген, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра. Әкем Өтепқали Жүндібайұлы – зергер, атам Жүндібай Өмірұлы – зергер, арғы атам Өмір Махамбетұлы да зергер, одан әрі Махамбет Шопанұлына дейін жалғасатын шеберлік желісі бар. Біз – жеті атадан әрі қарай да зергерлікпен айналысқан әулетпіз. Бұл өнер біздің әулетімізде тек күнкөріс емес, бабадан қалған аманат ретінде қастерленеді. Қазір інім Төремұрат пен қарындасым Гүлкенже де осы жолды жалғастырып келеді. Сондықтан менің бұл салаға келуім – жүрек қалауым ғана емес, ата жолын жалғау, бізден бұрынғы шеберлер аманатын келер ұрпаққа дамытып, деңгейін жоғары күйде жеткізу. Біз – Өмір әулеті, зергерлер династиясымыз.

– Әшекей – тек сәндік бұйым ғана емес, ол несінің болмысын, тектілігін, өмірлік ұстанымын көрсететін белгі. Шығармаларыңызға қандай рухани немесе тарихи идеялар арқау болады? Өз туындыларыңызда ұлттық нақышты заманауи талғаммен қалай үйлестіресіз?

– Біздің әулет шеберлерінің жасаған әр бұйымында бір тарих жатыр. Мен де

сол дәстүрді жалғастырып, әр туындыма қазақтың ою-өрнегін, таңба-символдарын, халықтың өмір салты мен рухани дүниесін енгіземін. Сонымен бірге заманауи дизайн мен минимализм элементтерін үйлестіремін. Осылайша өткен мен бүгіннің арасын байланыстыратын көпір болсам деймін.

– Бүгінде нарық бәсекесі өте жоғары. «Өмір» зергерлік шеберханасын өзгелерден даралап тұрған басты ерекшелік неде деп ойлайсыз?

– Біздің ерекшелігіміз – әулетіміздің ғасырдан ғасырға жалғасқан тәжірибесі мен әр бұйымның қайталанбас қолөнер туындысы болуы. Біз жоғары сынамамыз алтын мен күмісті, табиғи тастарды ғана қолданамыз. Әр әшекей өз иесіне арналған жеке тарих, тек өзіне лайық бірегей образ бола алады.

– Зергерлік өнерге қадам басқан жас маманның алғашқы ұстазы – тәжірибе мен төзім. Сіз бұл кәсіптің қыр-сырын меңгеруде қандай қиындықтардан өттіңіз? Өзіңіздің хикаяңызбен бөліссеніз.



– Мен үшін зергерлік өнердің алғашқы мектебі – өз үйіміздің шеберханасы болды. Бала күнімде әкем Өтепқали Жүндібайұлының жұмыс үстелінде шашылып жатқан күміс сынықтары, әрқайсысының өз тарихы бар ескі әшекейлер, ұшында жылт еткен болат саймандар мені ерекше қызықтыратын. Әкем – жай ғана шебер емес, Кеңес кезінде Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет және қолданбалы өнер училищесінде зергерлік мамандығын бітірген кәсіби маман. Ол маған ең бірінші кезекте «зергерлік – шыдамдылықтың өнері» екенін үйретті.

Сол бала күнгі шеберхананың иісі, күмістің сыңғыры, әкемнің сабырлы дауы-



сы – менің өмірімдегі ең қымбат ұстаздық сабақтар.

Алғашқы ұстазым да, ең қатал сыншыым да – әкем. Металды қыздырудың дәл температурасын табу, миллиметрлік бөлшектерді мінсіз кию, көне сіркелеу мен зерлеу әдістерін меңгеру – бәрі оңай болған жоқ. Бір бұйымды қайта-қайта жасап, тұн ортасында да шеберханадан шықпай қалатын кездерім көп еді. Кейде қолымнан түк келмей, көңілім түсіп, тастағым келетін сәттерде әкем: «Ұлым, нағыз зергерді қолының ептілігі емес, төзімі өсіреді», – деп жігер беретін.

Ал мен Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында алған кәсіби білімді әулетіміздің дәстүрімен ұштастырып, әр бұйымды тек әшекей ғана емес, рухани мұра ретінде жасауға тырысамын.

– Әрбір зергер жасаған бұйымын өз перзентіндей көреді дейді. Сіз үшін аса қымбат, жүрегіңізге жақын ерекше туындыңыз бар ма? Оның тарихын айтып берсеңіз.

– Ең қымбат туындым – әкемнің бата-сымен, атамның көне әдістерін қолданып жасаған белбеуім. Ол менің халықаралық көрмедегі алғашқы жетістігімнің куәсі. Әулетімнің атын танытқан, шетелдік қонақтардың да таңданысын тудырған бұйым.

– Қазақ зергерлігін шетелге таныту – ұлттық мәдениетті насихаттаудың бір жолы. Осы бағытта қандай жоспарларыңыз бар және халықаралық деңгейде қазақ әшекейінің беделін арттыру үшін не істеу керек деп санайсыз?

– Мақсатым – қазақ зергерлік өнерін халықаралық деңгейде беделді ету. Ол үшін көрмелер мен сән апталықтарына қатысып, тек әшекейдің сұлулығын емес, оның артындағы тарихын да жеткізу керек. Әшекей – бұл біздің мәдениетіміздің айнасы. Сол айна арқылы Қазақстанды танытқым келеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 6479
Тапсырыс: 1364